

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті

Э.А. Түркебаев атындағы жобаларды басқару институты

«Бизнес және менеджмент» кафедрасы

Мизамбай Гулдария,
Төралиева Ақбаян

ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА

«Ұйымның қаржы-шаруашылық қызметінің есебі, аудиті мен талдауы»

5B050800- Есеп және аудит


Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті

Э.А. Түркебаев атындағы жобаларды басқару институты

«Бизнес және менеджмент» кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
«Бизнес және менеджмент»
Кафедра меңгерушісі
PhD докторы, профессор
 С.Н. Досова
«29» 04 2019 ж.


Дипломдық жобаға


ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Тақырыбы: «Ұйымның қаржы-шаруашылық қызметінің есебі, аудиті мен талдауы»

5B050800-Есеп және аудит

Орындаған:
Мизамбай Гулдария,
Төралиева Ақбаян

Пікір беруші
э.ғ.к., доценті
 Джакишева У.К.
«26» IV 2019 ж.

Ғылыми жетекші
э.ғ.к., проф. ассистенті
 Досаева А.Ж.
«23» 04 2019 ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті

Э.А. Түркебаев атындағы жобаларды басқару институты

«Бизнес және менеджмент» кафедрасы

5B050800- Есеп және аудит

БЕКІТЕМІН

«Бизнес және менеджмент»

Кафедра меңгерушісі

PhD докторы, профессор

С.Н. Досова

« 29 » 04 2019 ж.

**Дипломдық жобаны орындауға арналған
ТАПСЫРМА**

Білім алушылар: Мизамбай Гулдария, Төрәлиева Ақбаян

Тақырыбы: «Ұйымның қаржы-шаруашылық қызметінің есебі, аудиті мен талдауы»




Университет ректорының «25» 09 2018ж. № 1064-б бұйрығымен бекітілген Аяқталған жұмыстың тапсыру мерзімі «20» сәуір 2019ж.

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі


- 1) Есеп, аудит және талдаудың теориялық аспектілері
- 2) «К- Дорстрой» АҚ қаржы-шаруашылық қызмет есебі мен талдауы
- 3) Ұйымның қаржы- шаруашылық қызметінің аудиті және жетілдіруі

Сызбалық материалдардың тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)
11 кесте, 11 сурет, 15-жұмыс презентациясының слайды.
Ұсынылған негізгі әдебиет барлығы 26 атау

Диплом жобасын дайындау
КЕСТЕСІ



Бөлімдер атауы, қарастырылатын сұрақтар	Жетекшіге тапсыратын уақыт мезгілі	Ұсыныстар
Есеп, аудит және талдаудың теориялық аспектілері	04.02.19	орындағанды 
«К-Дорстрой» АҚ қаржы - шаруашылық қызмет есебі мен талдауы	14.03.19	орындағанды 
Ұйымның қаржы-шаруашылық қызметінің аудиті және жетілдіруі	8.04.19	орындағанды 

Аяқталған дипломдық жоба бөлімдеріне норма бақылаушының қойған қолтаңбасы

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер (тегі, аты, әкесінің аты)	Қолтаңба қойылған мерзімі	Қолы
Норма бақылаушы	А.С.Джайтуганова	24.04.19	

Ғылыми жетекшісі:  Досаева Алия Журкабайқызы

Тапсырманы орындаған білім алушылар:

 Мизамбай Гулдария
 Төрәлиева Ақбаян

Күні «23» 04 2019 ж.

КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Қ.И.Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

5B050800 – «Есеп және аудит» мамандығының студенттері Мизамбай
Гулдария, Төрәлиева Ақбаян
«Ұйымның қаржы-шаруашылық қызметінің есебі, аудиті мен талдауы»
тақырыбына жазылған дипломдық жобасына

**ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ
ПІКІРІ**

Көптеген компаниялар үшін негізгі элемент болып отырған, нарықтық қатынастарға өткеннен кейін кәсіпорындардың экономикалық және құқықтық жауапкершілігін жоғарылату. Жол құрылысының өндірісін ұйымдастыру ерекшеліктері бухгалтерлік есепті жүргізу тәртібіне әсер етеді. Қазіргі таңда есеп жүйесін тиімді ұйымдастыру көптеген жол-құрылыс компаниялардың өзекті мәселелердің қатарында тұр.

Осыған байланысты уақытында жасалған қаржылық жағдай кәсіпорынға тиімді қызмет етуге мүмкіндік береді. Сондықтан қарастырылып отырған дипломдық жоба тақырыбы өзекті.


Жобада ұйымның қызметін талдау, есеп пен аудитін жүргізудің теориялық негіздері берілді, яғни қаржы – шаруашылық қызметін талдау түсінігі, есеп жүргізу негіздері мен аудитті жүргізудің әдістері қарастырылды.

Қарастырылып отырған дипломдық жобаның мазмұны мен рәсімделуі бойынша ескертулер жоқ.

Дипломдық жоба алдына қойылған мақсат, міндеттерін толығымен ашқан, өз бетінше логикалық аяқталған жұмыс деп айтуға тұрады. Тақырыптың өзектілігін, жұмыс мазмұны мен рәсімделуін, дипломанттың жұмысқа деген қарым-қатынасын ескере отырып, «Ұйымның қаржы-шаруашылық қызметінің есебі, аудиті мен талдауы» тақырыбына жазылған дипломдық жұмысты Мемлекеттік аттестациялық комиссия алдында қорғауға жіберуге болады және «өте жақсы» (90%) деп бағалауға болады.

Пікір беруші

э.ғ.к., «БЖМ» кафедрасының проф.ассистенті

 Досаева А.Ж
«23» 04 2019 ж.

ҚазҰТЗУ 704-22 Ү.Сын-пікір

5B050800 – Есеп және аудит мамандығының студенттері Мизамбай
Гулдария, Төрәлиева Ақбаян
«Ұйымның қаржы-шаруашылық қызметінің есебі, аудиті мен талдауы»
тақырыбына жазылған дипломдық жобасына

СЫН-ПІКІР

Өзірленген:

- а) графикалық бөлімі 22 ларак
- б) түсіндірме жазбасы 50 бетте

ЖҰМЫСҚА ЕСКЕРТУ ЖАСАУ

Дипломдық жоба «К- Дорстрой» АҚ ұйымының қаржы – шаруашылық қызметінің есебін, аудиті мен талдауын жетілдіру мақсатында құрастырылған.

Дипломдық жобада жол құрылысы мен жөндеудің, асфальттің қалыпты жағдайын сақтау қажеттілігінің жыл сайынғы өсуі қомақты капиталдық салымдар болып табылады. Кәсіпорындардың қаржылық жағдайы өндіріс қуаттылығын қысқартуға себеп болмау үшін кәсіпорын қызметіне уақытында жан-жақты талдау жасап, жүргізіліп жатқан шаруашылық операцияларын аудит жүргізу қажеттілігі жоба тақырыбының өзектілігін ашады.

Дипломдық жоба алдына қойылған мақсат, міндеттерін толығымен ашқан, өзбетінше логикалық аяқталған жұмыс деп айтуға тұрады. Қарастырылып отырған дипломдық жобаның мазмұны мен рәсімделуі бойынша ескертулер жоқ.

Жоба бағасы -

«Ұйымның қаржы-шаруашылық қызметінің есебі, аудиті мен талдауы» тақырыбына жазылған дипломдық жобаны Мемлекеттік аттестациялау комиссиясының алдында сәйкесінше қорғалған жағдайда «өте жақсы» (95%) деп бағалауға болады.

Пікір беруші

э.ғ.к., доценті әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің «Есеп және аудит» кафедрасының

Л. Жақишова У.К.
Адам 2019 ж.
ресурстары және архив басқармасы

ҚазҰТЗУ 704-22 Ү. Сын-Пікір

ҚОЛТАҢБАСЫН
РАСТАИМЫН
ПОДПИСЬ ЗАВЕРЯЮ

Краткий отчет



Университет:	Satbayev University
Название:	Ұйымның қаржы-шаруашылық қызметінің есебі, аудиті мен талдауы
Автор:	Мизамбай Г., Тералиева А.
Координатор:	Нургуль Абдигалиева
Дата отчета:	2019-05-08 07:30:37
Коэффициент подоби́я № 1:	0,2%
Коэффициент подоби́я № 2:	0,0%
Длина фразы для коэффициента подоби́я № 2:	25
Количество слов:	17 690
Число знаков:	151 438
Адреса пропущенные при проверке:	
Количество завершенных проверок:	64



К вашему сведению, некоторые слова в этом документе содержат буквы из других алфавитов. Возможно - это попытка скрыть позаимствованный текст. Документ был проверен путем замещения этих букв латинским эквивалентом. Пожалуйста, уделите особое внимание этим частям отчета. Они выделены соответственно.
Количество выделенных слов 195

>> Самые длинные фрагменты, определенные, как подобные

№	Название, имя автора или адрес гиперссылки (Название базы данных)	Автор	Количество одинаковых слов
1	URL_ http://agroinfo.kz/buxuchet-v-krestyanskix-xozyajstvax/		11
2	URL_ http://agroinfo.kz/buxuchet-v-krestyanskix-xozyajstvax/		11
3	URL_ https://stud.kz/referat/show/55571		8
4	URL_ https://en.wikipedia.org/wiki/Fibonacci_number		5

>> Документы, в которых найдено подобные фрагменты: из RefBooks

Не обнаружено каких-либо заимствований

Документы, содержащие подобные фрагменты: Из внешних баз данных

Не обнаружено каких-либо заимствований

Документы, содержащие подобные фрагменты: Из интернета

Документы, выделенные жирным шрифтом, содержат фрагменты потенциального плагиата, то есть превышающие лимит в длине коэффициента подобия № 2

№	Источник гиперссылки	Количество одинаковых слов (количество фрагментов)
1	URL_ http://agroinfo.kz/buxuchet-v-krestyanskih-xozyajstvax/	22 (2)
2	URL_ https://stud.kz/referat/show/55571	8 (1)
3	URL_ https://en.wikipedia.org/wiki/Fibonacci_number	5 (1)

Copyright © Plagiat.pl 2002-2019

Протокол анализа Отчета подобия

заведующего кафедрой / начальника структурного подразделения

Заведующий кафедрой / начальник структурного подразделения заявляет, что ознакомился(-ась) с Полным отчетом подобия, который был сгенерирован Системой выявления и предотвращения плагиата в отношении работы:

Автор: Мизамбай Г., Төралиева А.

Название: Үйымның қаржы-шаруашылық қызметінің есебі, аудиті мен талдауы

Координатор: Нургуль Абдигалиева

Коэффициент подобия 1:0,2

Коэффициент подобия 2:0

Тревога:195

После анализа отчета подобия заведующий кафедрой / начальник структурного подразделения констатирует следующее:

- обнаруженные в работе заимствования являются добросовестными и не обладают признаками плагиата. В связи с чем, работа признается самостоятельной и допускается к защите;
- обнаруженные в работе заимствования не обладают признаками плагиата, но их чрезмерное количество вызывает сомнения в отношении ценности работы по существу и отсутствием самостоятельности ее автора. В связи с чем, работа должна быть вновь отредактирована с целью ограничения заимствований;
- обнаруженные в работе заимствования являются недобросовестными и обладают признаками плагиата, или в ней содержатся преднамеренные искажения текста, указывающие на попытки сокрытия недобросовестных заимствований. В связи с чем, работа не допускается к защите.

Обоснование:

.....
.....
.....
.....

09.05.2019

Дата



Подпись заведующего кафедрой /

начальника структурного подразделения

Окончательное решение в отношении допуска к защите, включая обоснование:

..... К защите допускается.....
.....
.....
.....

..... 08.01.2019

Дата

..... [Подпись]

Подпись заведующего кафедрой /

начальника структурного подразделения

АНДАТПА

Жобаның зерттелу объектісі. Дипломдық жобаның зерттеу объектісі «К-Дорстрой» АҚ-ы болып табылады.

Жобаның кіріспе бөлімінде зерттеу тақырыбының өзектілігі, мақсаты мен міндеттері, ақпараттық базасы мен зерттеу әдістері көрсетілді.

Жобаның бірінші тарауында компанияның есебін, аудитін және талдауын жүргізудің теориялық негіздері берілді, яғни қаржы-шаруашылық қызметін талдау түсінігі, есеп жүргізу негіздері мен аудитті жүргізудің әдістері қарастырылды.

Жобаның екінші бөлімінде «К-Дорстрой» АҚ қызметіне экономикалық сипаттама беріліп, Есеп саясаты қарастырылды. Компанияның активтері мен оларды қалыптастыру көздеріне талдау жүргізілді. Компанияның өтімділігі, қаржылық тұрақтылығы мен табыстылығы анықталады.

Үшінші бөлімде компанияның аудитін жүргізу әдістемесі беріліп, аудит нәтижелеріне талдау жүргізілді. «К-Дорстрой» АҚ-ның қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстар берілді.

АННОТАЦИЯ

Объект проекта. АО «К- Дорстрой» является объектом исследования дипломного проекта.

Во введении проекта показаны актуальность темы исследования, цель и задачи, информационная база и методы исследования.

В первой главе проекта даны теоретические основы учета и аудита, анализа деятельности компании, то есть понятие анализа финансово-хозяйственной деятельности, основы ведения учета и методы проведения аудита.

Во второй главе дана экономическая характеристика деятельности АО «К-Дорстрой», его Учетная политика. Проведен анализ активов компании и его источников формирования. Определена ликвидность, финансовая устойчивость и доходность компании.

В третьей главе показана методика проведения аудита компании, проанализированы результаты аудита. В заключении даны предложения по совершенствованию деятельности АО «К-Дорстрой».

ANNOTATION

The object of the project. The object of research for graduation project is the Joint -Stock company «K - Dorstoy».

In the introduction the relevance of project research, targets, problems are clarified ,also shown the informational foundation and the methods of researching .

In the first part of project theoretical basics of accounting and audit, analysis of the activity of company are given.

In the second part the economic characteristic of the activity of J-S company «K - Dorstoy», is given. The analysis of the company's assets and its sources of formation. Determined liquidity, financial stability and profitability of the company. The third chapter shows the methodology of the audit of the company, analyzed the results of the audit. In order to improve the activities of «K - Dorstoy».

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	9
1 Есеп, аудит және талдаудың теориялық аспектілері	12
1.1 Қаржы - шаруашылық қызметтің түсінігі мен талдаудың мағынасы	12
1.2 Шаруашылық қызметтің есебін жүргізу негіздері	14
1.3 Аудиттің экономикалық маңызы мен жүргізу әдістері	17
2 «К - Дорстрой» АҚ қаржы - шаруашылық қызмет есебі мен талдауы	21
2.1 Компанияның ұйымдастырушылық - экономикалық сипаттамасы	21
2.2 «К - Дорстрой» АҚ есеп саясаты	23
2.3 Компанияның активтері мен оларды қалыптастыру көздерін талдау	27
2.4 Ұйымның төлем қабілеттілігі мен табыстылығын талдау	30
3 Ұйымның қаржышаруашылық қызметінің аудиті және жетілдіруі	35
3.1 «К - Дорстрой» АҚ аудитін жүргізу әдістемесі	35
3.2 Компанияның қаржышаруашылық қызметінің жетілдіру жолдары	41
ҚОРЫТЫНДЫ	44
ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	47
ҚОСЫМШАЛАР	48

КІРІСПЕ

Дипломдық жоба тақырыбының өзектілігі: жол құрылысы мен жөндеудің, асфальттің қалыпты жағдайын сақтау қажеттілігінің жыл сайынғы өсуі қомақты капиталдық салымдарды қажет етеді. Сондықтан жол-құрылыс кәсіпорындардың қаржылық жағдайы өндіріс қуаттылығын қысқартуға себеп болмау үшін кәсіпорын қызметіне уақытында жан-жақты талдау жасап, жүргізіліп жатқан шаруашылық операцияларын аудит жүргізу қажеттілігі жоба тақырыбының өзектілігін ашады.

Еліміз нарықтық қатынастарға өткеннен кейін кәсіпорындардың дербестігі мен олардың экономикалық және құқықтық жауапкершілігін жоғарлатты. Кәсіпорындардың мәнділік мәртебесін нығайтты, шаруашылық жүргізуші субъектілер болып алдарынан кең мүмкіндіктер ашылып, көптеген өндірістік және қаржы сұрақтарына дербес шешім бере алатын болды.

Шаруашылық субъектілердің қаржылық тұрақтылығының маңызы өте жоғары. Бұл кәсіпорынның қаржылық жағдайын, яғни ақша құралдарының басқарылуы, бөлінуін және қолданылуының талдау рөлін жоғарылатады. Кәсіпорындар контрогенттерін (жеткізушілер, мердігерлер сатып алушылар, банктер және т.б.) өздері тандайды. Олардың өздеріне іскерлі серіктестерін, қаншама дәл және қатесіз таңдаса, соншама тез және дұрыс бағдарланып, жұмысының тиімділігін арттырады. Бір сөзбен айтқанда, шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметі тікелей басшылық деңгейіне, олардың шешім қабылдаудың дәйектілігі, нақтылығы, оралымдылығы және ғылыми негізділігіне тәуелді.

Кәсіпорын басшылығы шешім қабылдауды қаржы-шаруашылық қызметін талдау нәтижелері бойынша жүргізеді. Талдау кезінде кәсіпорынның бухгалтерлік баланс баптары ғана қарастырылмайды, олардың негізінде қаржылық коэффициенттер анықталады. Бұл коэффициенттер кәсіпорынның өтімділік дәрежесін, төлемқабілеттілігін, табыстылық деңгейін, іскерлік белсенділік пен қаржылық тұрақтылығын көрсетеді, яғни кәсіпорынның қызметіне толық баға береді. Қаржы-шаруашылық қызметін талдау негізінде кәсіпорын басшылығы болашаққа жоспар құрап, болжам жасай алады.

Жол құрылысының өндірісін ұйымдастыру ерекшеліктері бухгалтерлік есепті жүргізу тәртібіне әсер етеді. Бұл орналасу мекеніне байланысты жол құрылысының сапасы мен мерзімі, құрылыс-монтаждау жұмыстарының көп түрлілігі, жобалау ұзақтығы, табиғи жағдайлар мен т.б. Аталған ерекшеліктер құрылыстағы баға белгілеу тәртібін, құрылыс жұмыстардың өзіндік құнның есебін және жол құрылыс процесінің қатысушылары арасындағы есеп айырысу жүйесін анықтайды.

Қазіргі таңда есеп жүйесін тиімді ұйымдастыру көптеген жол-құрылыс компаниялардың өзекті мәселелердің қатарында тұр. Қаржыны жоспарлау, есеп пен бақылаудың қажеттілігімен қатар компания қызметінің ашық болуы дұрыс шешімдерді қабылдау үшін жедел және шынайы ақпаратты алуға мүмкіндік беретін жүйеге талаптарды жоғарылатады. Бұндай ақпарат жол-құрылыс жобаларына капитал салатын инвесторлар үшін өте қажетті.

Кәсіпорынмен атқаратын шаруашылық операциялар есебінің дұрыстығы мен дәлелдігін анықтауда аудиттің маңызы зор. Аудиторлық тексеріс барысында кәсіпорын басшылығымен басқару шешімдерін қабылдауға әсер етеді, яғни кәсіпорынның келешегін анықтайды.

Жоғарыда аталған мәселелер кәсіпорынның тиімді қызмет етуіне әсер ететіндіктен қалыптасқан бәсекелестік жағдайында жобаның өзекті екенін көруге болады.

Дипломдық жобаның мақсаты: «К-Дорстрой» АҚ қаржылық-шаруашылық қызметінің есебі мен аудитін зерттеу негізінде және қызметті талдау барысында оны жетілдіру жолдарын ұсыну.

Қойылған мақсатқа жету үшін келесі міндеттер орындалды:

- кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық қызмет есебі аудиті талдауы мен теориялық негіздерін қарастыру;
- кәсіпорынның технико-экономикалық сипаттамасын беру;
- қаржылық көрсеткіштер негізінде «К-Дорстрой» АҚ-ның тиімділігі бағалау;
- кәсіпорында қаржылық-шаруашылық қызметтің аудитін жүргізуін зерттеу;
- «К-Дорстрой» АҚ қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстар беру.

Жобаның зерттеу объектісі: «К-Дорстрой» АҚ-ы жол-құрылысы саласында жиырма жылдан қызмет ететін компания.

Жобаның зерттеу пәні: кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық қызметі.

Зерттеу кезеңі: 2015-2017 жж.

Жобаның ақпараттық көзі: бухгалтерлік есеп аясындағы заңнамалар, ережелер, отандық және шетелдік экономистердің еңбектері мен мақалалары, статистикалық материалдар мен ресми интернет-ресурстардың мәліметтері, сонымен қатар «К-Дорстрой» АҚ-ның Есеп саясаты, қаржылық есептілік нысандары: бухгалтерлік балансы, пайда мен зиян туралы есеп.

Жобаның зерттеу әдістері: тігінен және көлденен талдау, салыстырмалық талдау, коэффициенттік талдау, т.с.с.

Жобаның тәжірибелік маңыздылығы: «К-Дорстрой» АҚ қаржы-шаруашылық қызметіне жүргізілген талдау нәтижелері мен бухгалтерлік есептегі айқындалған ерекшеліктер негізінде қаржылық қызметін жетілдіру бойынша жасалған ұсыныстарды кәсіпорын басшылығы жоспарлауда, шешімдерді қабылдауда қолданыла алады.

Дипломдық жоба «Есеп және аудит» мамандығының 4 курс студенттерімен орындалған.

Дипломдық жоба кіріспеден, үш бөлімнен, қорытынды, пайдалынған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.

Жобаның бірінші бөлімінде кәсіпорын қызметін талдау, есеп пен аудиттің теориялық аспектілерін қарастырдық. Жиналған материалдар негізінде кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметін талдауға түсінік беріп, талдау кезінде сүйінетін қағидаларға жеке тоқталдық. Қаржылық талдауда қолданылатын әдістерді атап, сипаттама берілді. Қаржы-шаруашылық қызмет есебінің түрлеріне жеке тоқталып, кәсіпорында бухгалтерлік есепті

ұйымдастыру үрдісін көрсетті. Заңнама негізінде бухгалтерлік есепті жүргізудің негізгі талаптарын атап өтті. Аудиттің мәнін ашу мақсатында аудитке анықтама беріп, аудит теориясының элементтерін тоқталған еді. Сондай-ақ, аудит қағидалары мен жүргізу әдістерін көрсетті.

Екінші бөлімде автор «К-Дорстрой» АҚ экономикалық сипаттамасына тоқталып, оның негізгі қызмет бағыттарын, жобаларын атап өтті. Компанияның есеп саясатын қарастыру кезінде құрылымына, қаржылық есептіліктің сапалық сипаттамаларына, негізгі міндеттері мен бухгалтерлік есепті жүргізу тәртібіне тоқталған еді. «К-Дорстрой» АҚ қаржылық есептілік нысандары негізінде бухгалтерлік балансының құрамы мен құрылымына талдау жүргізіліп, негізгі қаржылық коэффициенттер (өтімділік, рентабельдік, қаржылық тұрақтылық) анықталған еді.

Жобаның үшінші бөлімінде автормен «К-Дорстрой» АҚ-ның жол-құрылыс саласының ерекшеліктерін ескеріп аудитті ұйымдастыру тәртібін қарастырды. Аудиторлық компаниямен «К-Дорстрой» АҚ қызметіне жасаған аудит қорытындысына талдау жүргізілген еді. Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметіне жүргізілген талдау нәтижесінде қызметті жетілдіру бойынша ұсыныстар жасалынған еді.


1 Есеп, аудит және талдаудың теориялық аспектілері

1.1 Қаржы-шаруашылық қызметті талдаудың түсінігі мен мағынасы

Кез-келген шаруашылық субъектіні ресурстар ағымдарын бастамашылық ететін және олардың іске асырылуы басты мақсатқа жетуді қамтамасыз ететін өнімдерге немесе қызметтерге өзгертетін әлеуметтік-экономикалық жүйесі ретінде қарастыруға болады. Бұл кезде қаржылық ресурстар маңызды рөл ойнайды. Кәсіпорынды құру кезінде қаржыны басқарудың инвестициялық аспектісі басты орын алса, кейінірек ағымды қызметті қаржыландыруды оңтайландыру мәселелері алға шығады, яғни ақша ағындарын талдау мен жобалау, кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметін бағалау мен қаржылық қызметін тиімді басқару.

Кәсіпорынның шаруашылық қызметі – бұл кәсіпорынмен жүргізілетін барлық шаруашылық үрдістердің жиынтығы.

Қаржы-шаруашылық қызметті талдау – бұл белгілі ақпарат көздерін өңдеу арқылы кәсіпорын қызметінің нәтижелеріне әсер ететін факторларды жүйелік анықтау, өлшеу мен жинақтау [1]. Қаржы-шаруашылық қызметін талдаудың құраушылары қаржылық және басқарушылық талдау болып табылады (сурет 1).



Сурет 1- Қаржы-шаруашылық қызметті талдау түрлері
Ескерту - [1] әдебиет негізінде авторлармен құрастырылған

Қаржы-шаруашылық қызметті талдау шаруашылық субъект деңгейінде шешімдерді қабылдауда басты рөл алады. Талдамалық процедуралар көмегімен кәсіпорынның маңызды және күшті жақтары анықталып, келешекке болжам жасалынады, ал болжам негізінде өндірістік және қаржылық жоспарлар құрылып, олардың орындалуын бақылау әрекеттері құрылады [2].

Кәсіпорынның шаруашылық қызметіне объективті және субъективті сипаттағы әр түрлі факторлар әсер етеді. Талдау кезінде барлық факторларды терең зерттеу қажет.

Қаржы-шаруашылық қызметін талдаудың міндеттері шаруашылық қызметінің нәтижелерін бағалау, есепті кезеңде табысқа немесе зиянға әкелген факторларды анықтау, келешекке кәсіпорын қызметін жоспарлау мен болжау

болып табылады. Ол үшін тек бухгалтерлік есеп мәліметтерін ғана емес, оперативті және статистикалық есептің мәліметтері қолданылады.

Кәсіпорынның өндірістік бағдарламалардың орындалуын қамтамасыз ету бойынша оңтайлы басқарушылық шешімдерді қабылдау, олардың орындалу деңгейін бағалау, әлсіз жақтарын айқындау мен ішкі шаруашылық қорларды анықтау мақсатында талданылатын шаруашылық объектінің экономикалық ақпаратын терең және жан-жақты зерттеу қаржы-шаруашылық қызметін талдаудың мазмұны болып табылады.

Қаржы-шаруашылық қызметін талдаудың негізгі қағидаларына келесілер жатады:

- нақтылық, яғни талдау нақты мәліметтерге негізделіп, оның нәтижелері нақты сандық мәнге ие болады;
- кешендік, яғни объективті баға беру үшін экономикалық құбылысты немесе процессті жан-жақты зерттеу;
- жүйелік, яғни экономикалық құбылыстарды бір-бірімен өзара байланыста зерттеу;
- тұрақтылық, яғни талдауды белгілі уақыт өткеннен кейін тұрақты түрде жүргізу;
- объективтілік, яғни экономикалық құбылысты зерттеуде бейтарап болуы;
- тиімділік, яғни алынған талдау нәтижелердің тәжірибелік мақсатта қолдануға жарамдылығы;
- үнемділік, яғни талдаумен байланысты шығындар талдау нәтижесінде алынған экономикалық эффектіден төмен болу тиіс;
- салыстыру, яғни мәліметтер мен талдау нәтижелері бір-бірімен оңай салыстырылуы керек;
- ғылыми, яғни талдау жүргізу кезінде ғылыми негізделген әдістемелерге сүйену қажет [3].


Қаржы-шаруашылық талдауды жүргізу кезінде талдау әдістері қолданылады [4]. Экономикалық талдау әдісіне тән келесі сипаттамаларды бөліп көрсетуге болады:

- ұйымның қаржы-шаруашылық қызметін жан-жақты сипаттайтын талдамалық көрсеткіштер жүйесін қолдану;
- берілген көрсеткіштердің өзгеру себептерін зерттеу;
- олардың арасында себеп-салдар байланыстарын айқындау мен өлшеу.

Талдау әдістерін екі топқа бөлуге болады: сапалық және сандық.

Сапалық әдістер бұл кәсіби тәжірибеге, қисындық ойлау мен кәсіби түйсікке негізделген аналитикалық тәсілдер мен амалдар, ал сандық әдістер бұл математиканы қолданатын тәсілдер болып табылады.

Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметті талдауда сандық әдістер қолданылады, оған жататын әдістер түрлері 2-ші суретте көрсетілген.



Сурет 2- Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметін талдаудың әдістері
Ескерту - [5] әдебиет негізінде авторлармен құрастырылған

2-ші суретте көрсетілген талдау түрлеріне тоқталып кетейік.

Абсолютті мәндер әдісі зерттелетін процесстің санын, көлемін сипаттайды. Салыстырмалы мәндер әдісі бұл көрсеткіштің нақты мәнінің салыстыру мәніне қатынасы. Орташа мәндер әдісі мәліметтерді жалпылау үшін қолданылады. Орташа мән – бұл зерттелетін мәліметтердің орташа көрсеткіші.

Көлденен талдау – бұл қаржылық есептіліктің әр мәнін алдыңғы кезең мәнімен салыстыру.

Тігінен талдау – бұл қорытынды қаржылық көрсеткіштің құрылымын анықтау, яғни есептіліктің әр мәнінің жалпы нәтижеге әсер етуі.

Трендтік талдау – бұл есептіліктің әр мәнін қасындағы алдыңғы кезеңмен салыстырып, трендті анықтау, яғни көрсеткіштің өзгеру қарқынын анықтау. Тренд көмегімен болжамдық талдау жүргізіледі.

Факторлық талдау – бұл нәтижелік көрсеткіштер мәніне факторлардың әсер ету өлшемін анықтау.

Қаржылық коэффициенттер – бұл қаржылық есептілік мәліметтері бойынша анықталатын салыстырмалы көрсеткіштер. Қаржылық коэффициенттер негізінде кәсіпорынның төлемқабілеттілігі, рентабельдігі, өтімділігі, қаржылық тұрақтылығы, іскерлік белсенділігі анықталады.


Аталған әдістерді қолдану негізінде кәсіпорынның қаржы-шаруашылық жағдайы туралы толық және жан-жақты мәліметтерді алуға болады.

1.2 Шаруашылық қызметтің есебін жүргізу негіздері

Кәсіпорын қаржылық қызметі кезінде қаржылық-шаруашылық операциялардың есебі жүргізіледі. Бухгалтерлік есеп теориясы бұл заңнамалық актілерге, ережелер мен нұсқауларға сүйінетін есеп жүйесін ұйымдастыру негізі. Ол қаржылық есептілік мәліметтері негізінде, синтетикалық және аналитикалық есеп жүйесі негізінде, кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық

жағдайы негізінде кәсіпорынды басқару стратегиясы мен тактикасын анықтауға, сәйкес басқарушылық шешімдерді қабылдау үшін бухгалтерлік ақпараттың қалай қолданылатынын түсінуге мүмкіндік береді.

Бүгінгі күні Қазақстанда шаруашылық есеп жүйесінде бір-бірімен байланысты есеп түрлері айқындалған: жедел (оперативті), статистикалық, бухгалтерлік есеп (сурет 3).



Сурет 3- Қаржы-шаруашылық қызмет есебінің ерекшеліктері
Ескерту - [6] негізінде авторлармен құрастырылған

Оперативті есеп әр түрлі шаруашылық функциялар мен үрдістерді орындау кезінде жүргізіледі, яғни бұл есептің мәліметтері кәсіпорынмен шектеледі. Оперативті есеп мәліметтері кәсіпорынды күнделікті басқаруда қолданылады. Оперативті есеп қажеттілік туындаған кезде ғана қолданылып, өндіріс барысы туралы ақпаратты алу мақсатында белгілі бір шаруашылық операцияларды орындау кезінде оларды тіркеу жүйесі болып табылады (жұмысқа келіп-кету есебі, көліктердің кіріп-шығу есебі, т.с.с.). Оперативті есептің басты талабы – бұл мәліметтерді жедел алу.

Статистикалық есептің нәтижелері бойынша аналитикалық есеп құрастырылады, ол ағымдық қаржы-шаруашылық жағдайды объективті бағалауға мүмкіндік беретіндіктен басқарушылық пен қаржылық есептердің зерттеу пәні болып табылады. Кәсіпорында статистикалық есеп нәтижесінде мүмкіндігінше максималды мәндерге жететін қаржылық нәтижелерді алатын қаржылық-шаруашылық қызметтің жоспары құрылады. Қаржылық-шаруашылық қызмет нәтижелерінің есебі ағымдық шаруашылық үрдістерді өткен кезеңмен салыстыруға мүмкіндік береді. Сондықтан өсу немесе кемудің

себептерін, олардың кәсіпорын қызметіне әсерін тигізеді. Статистикалық есеп оперативті есеп пен бухгалтерлік есептің мәліметтерін қолданады.


Бухгалтерлік есеп кәсіпорынның шаруашылық операциялары туралы ақпаратты жинаудың, тіркеудің және қорытудың жүйесін білдіреді. Бухгалтерлік есепте қаржылық және шаруашылық қызметтің өзара байланысты айқындалуы жүргізіледі. Мысалы, өнімді өткізуден түскен кіріс бір жағынан, кассаға немесе банк шотына ақша қаражаттардың түсуін, екінші жақтан, кәсіпорын қоймаларда дайын өнімдердің кемуін білдіреді. Берілген есеп түрінде әр бухгалтерлік жазу арнайы рәсімделген құжат негізінде жүргізіледі, бұл бухгалтерлік есептің шынайлығы мен бақылау мәнін арттырады.

Бухгалтерлік қызметтің басты мақсаты оперативті басқару үшін қажетті ақпаратпен, қаржылық нәтижелері мен шаруашылық үрдістері туралы дұрыс және толық мәліметтермен қамтамасыз ету. Сондай-ақ, сыртқы пайдаланушылар үшін қаржылық есептілікті дайындау болып табылады [7].

Бухгалтерлік есептің пәні ретінде кәсіпорынның шаруашылық қызметі, яғни кәсіпорынның мүлігі, оның шаруашылық қызметті жүргізу үрдісінде активтер мен олардың құрылу көздерінің қозғалысы қарастырылады.

Кәсіпорында бухгалтерлік есепті ұйымдастыру негіздері «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» ҚР Заңның 8 бабында көрсетілген [8]. Бухгалтерлік есепті ұйымдастыру үрдісін келесі әрекеттермен сипаттауға болады (сурет 4):

- Біріншіден, кәсіпорын басшылығы есеп саясатын құрып, бекітеді;
- Екіншіден, кәсіпорын басшылығы кәсіпорынмен жүргізілетін барлық шаруашылық операцияларды бухгалтерлік есепте көрсету тәртібін регламенттейтін ішкі құжаттарды бекітеді.
- Үшіншіден, кәсіпорында бухгалтерлік бөлімшені құру;
- Төртіншіден, кәсіпорын штатына бас бухгалтер лауазымын енгізу;
- Бесіншіден, бухгалтерлік есепті жүргізу мен қаржылық есептілікті жасау шарт негізінде бухгалтерлік немесе аудитор компанияға, кәсіби бухгалтерге беру;
- Алтыншыдан, бухгалтерлік есепті жеке жүргізу.



Сурет 4- Кәсіпорында бухгалтерлік есепті ұйымдастыру
Ескерту - [8] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

Бухгалтерлік есепті есептеу мен үздіксіз қағидалары негізінде ұйымдастырады. Бухгалтерлік есепті ұйымдастыруға, шаруашылық операцияларды орындау кезде заңдылықты сақтауға кәсіпорын басшысы жауапты болады.

Бухгалтерлік есепте шаруашылық операцияларды келесі талаптарды сақтап көрсету тиіс:

- бухгалтерлік жазуларды бастапқы құжаттардың түпнұсқаларына сәйкес бекіту және оларда барлық операциялар мен оқиғаларды көрсетуге;
- операцияларды және оқиғаларды хронологиялық тәртіппен және уақытында тіркеуге;
- синтетикалық есепке алуды талдамалық есепке алуға сәйкес келтіруді қамтамасыз етуге.

Шаруашылық операциялар кәсіпорындардың уәкілетті орган және ҚР Ұлттық банк бекіткен талаптарға сәйкес келетін бухгалтерлік есеп шоттар үлгі жоспары негізінде синтетикалық шоттарда екі рет жазу арқылы көрсетіледі. Шаруашылық операциялардың талдамалық есебін жүргізу тәртібі кәсіпорынның лауазымды тұлғалары белгілейді.

Кәсіпорында бухгалтерлік есепті жүргізу, қаржылық есептілігін жасау мен ұсыну, есеп саясатын қалыптастыру сұрақтарымен бас бухгалтер айналысады. Бұл лауазымға кәсіби бухгалтер тағайындалады.

Кәсіпорын басшылығы бухгалтерлік құжаттарға қол қою құқығына ие болатын адамдарды анықтайды. Бұл жағдайда лауазымға, ақша мөлшеріне, операциялардың қолдану аясына және мәніне қарай қол қоюдың реттілігі белгіленуі мүмкін [9].

Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу тәртібі есеп саясатында көрсетіледі.

1.3 Аудиттің экономикалық маңызы мен жүргізу әдістері

Егер бухгалтерлік есеп көмегімен ақпараттық көздер қалыптасса, аудит көмегімен экономикалық қызметті жоспарлау, ұйымдастыру мен реттеу кезінде жіберілген қателерді анықтауға және жоюға мүмкіндік береді.

Қазақстанда тәуелсіз және кәсіби аудиттің дамуына қабылданған нормативті-құқықтық актілер септігін тигізеді, яғни «Аудиторлық қызмет туралы» ҚР Заңы, Аудитордың этика Кодексі және халықаралық аудит стандарттары. Олар көмегімен аудиторлық қызметі жүргізумен байланысты арнамыс құқықтық, әдістемелік және нарықтық қатынастар реттеледі.

«Аудиторлық қызмет туралы» Заңына сәйкес «аудит – бұл қаржылық есептілік пен есептілікпен байланысты ақпарат туралы тәуелсіз көз-қарасты білу мақсатында жүргізілетін тексеріс» [10]. Аудиторлық қызмет бұл қаржылық есептіліктің аудитін жүргізу бойынша кәсіпкерлік қызмет түрі.

Енді аудит теориясына тоқталып кетейік.

Қазіргі аудит теориясы 3 элементке негізделеді [11]:

- аудит тұжырымдамалары;

- аудит постулаттары;
- аудит стандарттары.

Аудит тұжырымдамасы – бұл адами қызмет түрі ретінде аудиттің жүргізілу шарттарын анықтайтын басты элементтері. Тәуелсіз аудиттің 5 тұжырымдама бар:

Біріншісі, мінез-құлық этикасы. Бұл тұжырымдаманың негізінде этиканың теориялық негіздері жатыр, яғни кәсіби міндеттерді орындау барысында аудиторлық әрекеттер жиыны оның мінез-құлық этикасын қалыптастырады. Әр аудиторлық ұйым ұжымның әр мүшесімен міндетті орындалатын Кәсіби этика Кодексі қабылдайды.

Екіншісі, кәсібилік тұжырымдамасы. Тәуелсіз аудитті тек жоғары білікті мамандар жүргізуге құқылы. Олардың кәсіби деңгейі мамандандырылған аттестатпен, ал аудитті жүргізу құқығы өзін-өзі реттеуші аудиттік ұйымның мүшелігімен куәләндірілуі қажет.

Үшіншісі, тәуелсіздік. Аудиторларға тәуелсіздіктің сақталуы бухгалтерлік есептіліктің шынайлығы жөнінде кәсіби пікірді білдіру мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Төртіншісі, дәлелділік. Бұл тұжырымдама бойынша аудитор тексерілетін ақпараттың шынайлығы дәлелденуі мүмкін болатыны туралы болжамды қабылдайды. Бірақ та есептіліктің шынайлығы жөнінде барлық дәлелдерді жинауға мүмкін еместігін аудитор түсінеді.

Бесіншісі, ұсыну дәлдігі. Ақпаратты қалыптасудың ерекшеліктерін есепке алып, ұйымға аудиторлық дәлелдемелердің жиналуын ұсыну.

Аудит постулаттары. Постулаттар – бұл аудит қызметінің бағыттары орнатылатын аксиомалық ережелер. Постулаттар аудиторлық стандарттардың мазмұнын меңгеруге көмектеседі. Маңызды постулаттар американдық аудит ғалымдарымен орнатылған еді:

- мүдделер қақтығысының ықтималдығы;
- аудитор айналыса алатын басқа қызметтер түрлеріне шектеу;
- аудиторлық тексеріс соңғы болмауы мүмкін.

Аудит стандарттары. Стандарттар аудит сапасы мен сенімділігі бойынша нормативтерді анықтайтын және аудиторлық тексеріс нәтижелеріне кепілдік деңгейін қамтамасыз ететін ортақ базалық талаптар [12]. Олар аудит процедурасына, аудит қорытындысы мен аудиторға ортақ талаптарды бекітеді. Экономикалық жағдайының өзгеруіне байланысты және қаржылық есептілікті пайдаланушылар қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында аудиторлық стандарттар қайта қарастырылуға жатқызылады.

Аудит стандарттары негізінде аудиторларды дайындау бағдарламалары, сондай-ақ аудиторлық қызметпен айналысуға құқық беретін емтиханды өткізуге талаптар әзірленеді. Сотта стандарттар аудитті жүргізу сапасының дәлелдемесі ретінде және аудиторды жауапқа тарту шараны анықтау құралы ретінде қолданылады.

Стандарттар аудитті жүргізу ережелерін, аудиторлық тексерістің масштабын, аудиторлық есептің түрлерін, аудиттің әдістемесін, сонымен бірге орындалуы тиісті базалық қағидаларды орнатады.

Аудит пен аудиттік қызметте стандарттар маңызды орын алады, себебі:

- аудиторлық тексерістің жоғары сапасын қамтамасыз етеді;
- жаңа ғылыми жетістіктерді енгізуге септігін тигізеді;
- пайдаланушыларға аудиторлық тексеріс процесін түсінуге көмектеседі;
- кәсіптің имиджін құрайды;
- мемлекет тарапынан бақылауды жояды;
- аудиторға клиентпен келіссөз жүргізуге көмектеседі;
- аудиторлық процесстің бөлек элементтердің байланысын қамтамасыз етеді.

Аудитор өз кәсіби міндетін орындау кезінде аудит қағидаларын орындау қажет. Аудитті жүргізу кезінде сүйінетін қағидааттары 5-ші суретте көрсетілген.



Сурет 5 - Аудит қағидалары

Ескерту - [12] Дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

Аудиттің мақсаттары зерттелетін объектіге байланысты әртүрлі болады.

Егер де аудиттің объектісі кәсіпорынның қаржылық қызметі болса, онда аудиттің мақсаты есептіліктің толықтығын, нақтылығын және бекітілгендігін тиянақты қарап, қаржылық есеп туралы қорытынды жасау болып табылады. Ал егер объекті ретінде бухгалтерлік есеп болса, онда кәсіпорында есеп жүргізудің заңдылықтарға, нормаларға, стандарттарға және ережелерге сәйкес келуін тексеру аудит мақсаты болып табылады. Сонымен бірге, аудиттің объектісі ретінде кәсіпорынның толық шаруашылық қызметі болған жағдайда, аудитордың алдында кәсіпорын қызметінің тиімділігін бағалау, шығындарды

төмендету жолдарын айқындау, рентабельділік пен еңбек өнімділігін көтеру, яғни қызметті жақсарту бойынша ұсыныстарды өңдеу мақсаты тұрады.

Аталған мақсаттарды орындау үшін аудитор белгілі әдіс-тәсілдерді қолданады. Аудит әдістеріне қысқаша тоқталайық.

Аудит әдісі – бұл зерттелетін объектінің жағдайын бағалау үшін қолданылатын тәсілдер жиыны [13]. Әдістерді үш топқа бөлуге болады:

- объектінің нақты жағдайын анықтау;
- талдау;
- бағалау.

Бірінші топ әдістеріне объектінің сандық жағдайын анықтауға мүмкіндік беретін қарау, қайта есептеу, өлшеу; объектінің сапалық жағдайын анықтайтын лабораториялық талдау; сұрау; құжаттық тексеріс жатады.

Екінші топ әдістеріне талдамалық процедуралар жатады, олар есептіліктің бөлек көрсеткіштерін салыстыру үшін қолданылады.

Үшінші топ әдістері бұл аудит объектінің өткен, қазіргі және келешектегі жағдайын бағалау, яғни салыстыру процестің қиындық аяқталуы. Ресурстардың жағдайы, шаруашылық операциялардың мақсаттылығы мен заңдылығы, экономикалық ақпараттың шынайлығы бағаланады.

Аудиторлар жұмыста қолданатын әдістерді жеке тандайды.

Сонымен, аудиторлық қызмет арқылы кәсіпорынның қаржылық есеп беруді тәуелсіз тексеруді, кеңес беруді, есепті жүргізу мен қалпына келтіруді, ұйым мүлігін бағалауды, салық есептілігін толтыруды және тағы басқа қаржы-шаруашылық қызмет бойынша шынайлық пен дәлдік деңгейін анықтауға болады.

Қорыта келе, ұйымның қаржы-шаруашылық қызметін талдау әдістерін қолданып, ұйым жағдайының нақты көрінісін, кемшіліктер мен келешектегі мүмкіндіктерін білуге болады. Шаруашылық қызметіне бухгалтерлік есепті тәртіппен жүргізу негізінде ұйымның әрі қарай дамуына қосымша қаражат көздерін қалыптастыруға болады, ал аудит арқылы ұйым қызметіне дәлдік бағасын беруге болады.

2 «К-Дорстрой» АҚ қаржы-шаруашылық қызмет есебі мен талдауы

2.1 Компанияның ұйымдастырушылық-экономикалық сипаттамасы

«К-Дорстрой» АҚ құрылыс нарығында 1993 жылдан бастап қызмет етеді.

«К-Дорстрой» АҚ жолдар мен жолмагистральдердің құрылысымен айналысатын жеке меншік нысандағы ірі кәсіпорын. Сонымен бірге құрылыс барысындағы қосалқы жұмыстар бойынша (құбырларды орнату мен монтаждау) мердігерлер ретінде де қызмет көрсетеді [14].

«К-Дорстрой» АҚ мекен-жайы: 010000, Нур-Султан қ., Қабанбай батыр даңғылы, 2/2 үй.

«К-Дорстрой» АҚ өз қызметінде АҚШ, Германия және өзге де елдердің жоғары сапалы технологияларды қолданады. Қазіргі кезде «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» жол құрылысында мердігерлердің қатарында жұмыс атқарып тұр.

«К-Дорстрой» АҚ негізгі тапсырыс берушілері мен жеткізушілері болып табылады:

- «СтальЦинк» ЖШС;
- «Восток-Майнинг» ЖШС;
- «Түсті маталдарды өңдеу бойынша зауыт» АҚ;
- «Интерстройсервис и К» ЖШС;
- «Балхаш Қазмеханомонтаж» ЖШС және өзгелер [15].

«К-Дорстрой» АҚ қызметінің негізгі мақсаты – пайда табу. Берілген мақсатқа жету үшін келесі қызмет түрлерін орындайды:

- жол құрылысы (жаңа жолдарды салу, ескі жолдарды жөндеу мен қалпына келтіру);
- халыққа жол-құрылыс жұмыстарды көрсету;
- тендерлерге қатысу;
- асфальтбетон қоспасын өндіру;
- жобалау жұмыстары;
- сауда-саттық, делдалдық қызмет.

«К-Дорстрой» АҚ жарғы капиталы 2400000 тенгеге тең. Кәсіпорынның қайта тіркеу мезетінде жарғылық капитал акционерлермен толық төленген еді.

Кәсіпорынның табысы шаруашылық қызметтен түскен табыстан материалдық және еңбекақы қор шығыстар айырмасынан құралады. Салықтарды және бюджетке төленген басқа төлемдерден қалған табыс кәсіпорынның меншігінде қалады немесе келешектегі жұмысы мен дамуына жұмсалады.

Таза пайданың бір бөлігін «К-Дорстрой» АҚ жарғы капиталдағы акциялар үлесіне қарай акционерлер арасында бөлінеді. Ол ақшалай түрде бір ай ішінде төленеді.

«К-Дорстрой» АҚ еңбекақы төлеу жүйесі мен тәртібін жеке орнатады. Барлық жұмысшыларды қауіпсіз еңбек жағдайымен және әлеуметтік қоржынмен қамтамасыз етеді. Әр жұмысшының табысы жұмыстың соңғы

нәтижелерін есепке алып, қосқан үлесіне қарай анықталады. Үлгіландыру жүйесі ретінде сыйақылар қарастырылған.

«К-Дорстрой» АҚ негізгі қызмет түрі жолдарды жөндеу болғандықтан, оның балансында ыстық асфальтті өндіретін асфальтбетон зауыты бар.

2019 жылдың 11 қаңтар жағдайында «К-Дорстрой» АҚ келесі жобаларды іске асырып жатыр.

Кесте 1 - «К-Дорстрой» АҚ жобалары

Жоба атауы	Телімі	Аяқталуы	Облыс атауы
Центр-Восток «Астана-Павлодар-Калбау-Усть-Каменогорск»	Км 1297-1343 уч. Шидерты-Павлодар	2019 жыл	Павлодар
а/д «Талдықурган- Калбалтау-Усть-Каменогорск»	км 615-1073	2022 жыл	ШҚО
а/д Астана-Петропавловск- гр. РФ	км 525-496	2022 жыл	СҚО
	км 496-465		
Ескерту - [16] Дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған			

Көріп отырғанымыздай, «К-Дорстрой» АҚ-ы республикалық маңызы бар жол құрылысына белсенді қатысатын компаниялардың бірі. Ірі жобалардың негізінде компанияның айналымдар көлемі де артты.

«К-Дорстрой» АҚ негізгі экономикалық көрсеткіштері төменгі 2-ші кестеде көрсетілген.

Кесте 2 - «К-Дорстрой» АҚ қызметінің технико-экономикалық көрсеткіштері, мың тенге

	Жылдар			2017/2016		2017/2015	
	2015	2016	2017	+/-	%	+/-	%
Өткізуден түскен табыс	382400,5	440018,1	1683509,0	1243491	382,6	1301108,5	440,2
Өзіндік құн	346882,1	321609,3	1466673,0	1145064	456,0	1119790,9	422,8
Жалпы табыс	35518,4	118408,8	216836,0	98427,2	183,1	181317,6	610,5
Таза пайда	9680,9	19110,0	20353,6	1243,6	106,5	10672,7	210,2
Негізгі құралдардың орташа жылдық құны	623670,2	640797,8	658625,7	17827,9	102,8	34955,6	105,6
Қор қайтарымы	1,55	2,98	3,09	0,11	103,6	1,5	199,1
Қор сыйымдылығы	6442,27	3353,21	3235,91	-117,3	96,5	-3206,4	50,2
Рентабельдік, %	0,51	0,68	0,46	-0,22	68,1	-0,1	90,1
Жұмысшылардың саны, адам	110	110	130	20,0	118,2	20,0	118,2
Еңбек өнімділігі	3476,4	4000,2	12950,1	8949,9	323,7	9473,7	372,5
Ескерту - [17] Дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған							

Кестеден көріп отырғанымыздай, «К-Дорстрой» АҚ-ы қаржы-шаруашылық қызметі нәтижесінде 2017 жылы 1683509 мың тенге көлемінде табыс алып, өткен кезеңге қарағанда 3,8 есе рет өскенін көрсетті. Есепті кезеңде өнімнің және қызмет көрсетудің өзіндік құны көлемі де 4,5 есе арттып, 1466673 мың тенгені құрады. Компанияның таза пайда көлемі 2017 жылы 1243,6 мың тенгеге арттып, 20353,6 мың тенгені құрады. Есепті кезеңде пайда көлемінің өсуі жобалар санының өсуіне байланысты болды.

Негізгі құралдарды қолдану тиімділігін қарайтын болсақ, негізгі құралдардың қор қайтарымы 2015-2017 жж. аралығында 1,55-тен 3,09-ға дейін өсті, ал қор сыйымдылығы 6442,27-ден 3235,91-ге дейін төмендеді. Көрсеткіштердің мәндері компанияның оң қызмет етуін көрсетті.

Есепті кезеңде рентабельдік көрсеткіш 0,22-ге төмендеп түсті, яғни компания активтерінің әрбір 1 тенгесіне 0,46% пайда түседі. Бұл да «К-Дорстрой» АҚ-ң қызметін табысты екенін көрсетеді.

Компанияда жұмыс көлемінің өсуіне байланысты жұмысшылар штатын 20 бірлікке арттыруға тура келді. 2017 жылдың қорытындысы бойынша «К-Дорстрой» АҚ жұмысшылар саны 130 адамға тең болды. Еңбек өнімділігі есепті кезең ішінде 3476,4 мың тенгеден 12950,1 мың тенгеге дейін артты.

Қорыта келе, «К-Дорстрой» АҚ техникo-экономикалық көрсеткіштер кәсіпорынның қалыпты қызмет етуін көрсетті, ал оның қаншалықты тиімді екенін анықтау үшін қаржылық көрсеткіштердің талдауын жүргізу қажет.

2.2«К-Дострой» АҚ есеп саясаты

«К-Дорстрой» АҚ қызметіндегі шаруашылық операцияларды дұрыс және тәртіппен жүргізу үшін Есеп саясаты қабылданған еді.

«Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» ҚРЗ 6-шы бабына сәйкес «есеп саясаты – бұл берілген заңнама талаптарына, халықаралық стандарттарға, ұлттық стандарттаға және бухгалтерлік есеп шоттардың үлгі жоспарына сай, олардың қажеттіліктері мен қызметтің ерекшеліктері негізінде бухгалтерлік есепті жүргізу мен қаржылық есептілікті жасау үшін кәсіпорын қолдануға қабылданған нақты қағидаларды, негіздерді, ережелерді, тәртіп пен тәжірибені білдіреді» анықтама берілген.


«К-Дострой» АҚ есеп саясаты 2012 жылдың 15 наурызында бекітілген еді [18]. Есеп саясаты екі бөлімнен тұрады: негізгі бөлім және әдістемелік бөлім.

Есеп саясаттың негізгі бөлімінде компания туралы жалпы мәлімет, есеп саясаттың жалпы ережелері, қағидалары, есеп жүйесі, ішкі бақылау, үгендеу мен бухгалтерлік құжаттама көрсетілген, ал әдістемелік бөлімде қаржылық есептілік пен баланс баптары бойынша жеке есебі берілген (сурет 6).

«К-Дорстрой» АҚ Есеп саясаты Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есептің нормативтік базасына сай құрылған еді:

- «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» ҚР Заңы, 28 ақпан 2007 жыл, №234-ІІІ;

- «Салықтар және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдер туралы» ҚР Кодексі [19];
- «Аудиторлық қызмет туралы» ҚР Заңы, 20 қараша 1998 жылы, №304-1;
- Жарғы, ішкі ережелер мен нұсқаулар.



Сурет 6- «К-Дорстрой» АҚ есеп саясаты

Ескерту - [18] Дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

Кәсіпорында бухгалтерлік есептің мақсатын, міндеттері мен әдістерін белгілеу үшін есеп саясаты негіз болып табылады. Есеп саясаты бұл ұзақ мерзімге бекітілген нормативтік құжат.

«К-Дорстрой» АҚ директоры Есеп саясатын қалыптастыру мен бекіту құқылы, ал оны қалыптастыруға жауапты тұлға бас бухгалтер болып саналады.

«К-Дорстрой» АҚ қаржылық есептіліктің, ақша қозғалысы туралы есебінен басқа нысандарын есептеу қағидаты негізінде құрастырады. Есептеу қағидаты төлем мерзіміне қарамастан, оларды нақты жасалғаны бойынша операция нәтижелерін танумен қамтамасыз етеді.

Қаржылық есептіліктің сапалық сипаттамаларына келесілер жатады [18]:

- түсініктілік, яғни есептілікте көрсетілетін ақпарат қолданушыларға түсінікті болуы тиісті.

- орындылық, яғни шешім қабылдайын қолданушылар үшін көрсетілген ақпарат орынды және оларға өткен, қазіргі және келешекте болатын оқиғаларды бағалауға көмек көрсетуге немесе растауға, түзетуге тиісті.

- сенімділік, яғни қолданушылар ақпаратты ақиқат ретінде қабылдағанда кателер мен бұрмалаулардың болмауы.

- толықтылық, яғни қаржылық есептілікте ақпарат толық көрсетілуі тиісті.

- салыстыруға келетіндік, яғни қолданушыларда әр кезеңдерде ақпаратты салыстыруға мүмкіндіктің болуы.

- уақытылы, яғни шешім қабылдау кезінде ақпараттың қолжетімді болуы.

- пайда мен шығындар арасындағы тепе-теңдік, яғни ақпараттан алынатын пайда оны алу бойынша шығындардан артық болуы.

«К-Дорстрой» АҚ Есеп саясатының негізгі міндеттері [18]:

- кәсіпорында активтер, пассивтер, меншікті капитал мен міндеттемелер бойынша бухгалтерлік есепті сенімді жүргізуді қамтамасыз ететін ережелерді, нұсқаулар мен әдістерді құрастыру;

- кәсіпорын мен сыртқы контрагенттер арасындағы әрекеттерді жоспарлау, бақылау, есептілік жүргізу мен құндық тануы, сондай-ақ олардың құжаттық негіздемесі мен талдау үшін мәліметтерді дайындау;

- кәсіпорын қызметі бойынша толық және шынайы ақпаратты қалыптастыру және қолданушыларды берілген ақпаратпен қамтамасыз ету, сонымен қатар кәсіпорында қойылған міндеттерді орындауда қаржылық және басқа ресурстарды тиімді және рационалды пайдалануға мүмкіндік беретін ақпаратпен Басқарманы қамтамасыз ету;

- ішкі алдын-ала және кейінгі бақылау мен талдау жүйесін құрастыру.

«К-Дорстрой» АҚ бухгалтерлік есеп жүйесі [18]:

- ақпаратты тиімді өңдеуге;

- есептік құжаттарды жедел алуға;

- дәлдіктің жоғары деңгейін көрсетуге;

- алаяқтықты минималдауға мүмкіндік беруі тиіс.

Есеп саясатқа енгізілетін барлық өзгертулер экономикалық жағынан негізделуі және Құрылтайшымен бекітілуі тиісті.

«К-Дорстрой» АҚ есеп саясаты келесі жағдайларда өзгертілуі мүмкін:

- заңнамаға сәйкес талап қойылса;

- өзгертулер кәсіпорынның қаржылық есептілігіндегі әрекеттер мен оқиғалардың шынайлығына әкелетін болса.

Есеп саясатына енгізілген толықтырулар мен өзгертулерді кәсіпорын директоры бекітеді. Кәсіпорын құрылтайшысы, директоры немесе бас бухгалтері толықтырулар мен өзгертулерді енгізуге ұсынысты жасауы мүмкін.

Кәсіпорында бухгалтерлік есеп «1С: Бухгалтерия» бағдарламаның жүйелік қолдануымен персоналды компьютерлерде және бағдарламамен қарастырылмаған бастапқы құжаттарды рәсімдеу үшін автоматты емес әдіспен жүргізіледі.

«К-Дорстрой» АҚ бухгалтерлік есепті жүргізудің әдістері [18]:

- шаруашылық қызметтің бастапқы құжаттық рәсімделуі мен көрсетілуі;

- мүліктің, міндеттемелер мен қаржылық операциялардың ақшалай бағалануы;

- нақты шығындарды қосу негізінде қызметтердің өзіндік құнын есептеу;

- бухгалтерлік есеп мәліметтердің шынайлығын қамтамасыз ету мақсатында кәсіпорын қаражатын түгендеу;

- екі жақты жазу арқылы алынған ақпаратты топтастыру мен жүйелеу;


- құжаттарды сақтау мен құжатайналымын ұйымдастыру;

- қаржылық және басқарушылық есептілікті құру мен талдау.

«К-Дорстрой» АҚ бухгалтерлік құжаттама бастапқы құжаттарды, бухгалтерлік есеп регистрлерді, қаржылық есептілік пен есеп саясатын өзіне қосады.

Бухгалтерлік есепте бастапқы құжаттардың қозғалысы құжатайналымының кестесімен регламенттеледі. Компания барлық бухгалтерлік құжаттаманы заңмен бекітілген кезең ішінде сақтайды. Мәселен, кәсіпорынның жылдық қаржылық есептілігі үнемі сақталынса, тоқсандық есептілік 5 жыл ғана сақталады, т.с.с.

«К-Дорстрой» АҚ бухгалтерия бөлімінің құрылымы төменгі суретте көрсетілген.



Сурет 7- «К-Дорстрой» АҚ бухгалтерия қызметінің құрылымы
Ескерту - [18] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

«К-Дорстрой» АҚ жылдық қаржылық есептілікті есепті жылдан кейінгі жылдың 30 сәуірінен кешіктірмей тапсырады [18]. Қаржылық есептілік өзіне келесі есептерді қосады:

- 1) қаржылық жағдай туралы есеп;
- 2) есепті кезең үшін жиынтық табыс туралы есеп;

- 3) есепті кезең үшін капиталда өзгерістер туралы есеп;
- 4) ақша қаражаттардың қозғалысы туралы есеп;
- 5) түсініктеме хат.

«К-Дорстрой» АҚ қаржылық есептілікті құрылтайшыларға, мемлекеттік статистика бойынша уәкілетті органға, ҚР мемлекеттік бақылау мен қадағалау органдарына және өзге қызығушылық танытатын тұлғаларға ұсынады.

«К-Дорстрой» АҚ ішкі бақылауды ұйымдастыруды кәсіпорын басшылығы қамтамасыз етеді. Шаруашылық операциялар бойынша ішкі бақылауды бухгалтерия бөлімі бастапқы құжаттарды есепке алу кезінде жүргізеді.

«К-Дорстрой» АҚ ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін тексеру мақсатында ішкі немесе тәуелсіз аудиторларды шақыра алады. Кәсіпорын басшылығының бастамасы бойынша қаржылық есептілікте көрсетілген мәліметтердің шынайлығын анықтау үшін ішкі аудитті жүргізе алады.

Компанияның бастапқы құжаттары мен бухгалтерлік есеп регистрлеріндегі ақпараттар коммерциялық құпия болып саналады.

Сонымен қатар «К-Дорстрой» АҚ Есеп саясатында түгендеудің жүргізілуі қарастырылған.

«К-Дорстрой» АҚ-ы бухгалтерлік есеп мәліметтер мен қаржылық есептілік мәліметтердің шынайлығы мен сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында ай сайын ақша қаражаттары мен запастардың түгендеуі, ал өзге активтер мен міндеттемелердің түгендеуі жыл сайын жүргізіледі. «К-Дорстрой» АҚ толық жоспарлы түгендеуді 1 қазан мен 31 желтоқсан аралығында жүргізуі міндетті [18].

2.3 «К-Дорстрой» АҚ активтері мен қалыптастыру көздерін талдау

«К-Дорстрой» АҚ нарықта 25 жылдан астам қызмет етеді. Берілген уақыт ішінде өз ісінің шебері, бәсекеге қабілетті, жоғары сапалы қызмет көрсететін жол құрылыс компаниялардың бірі екенін дәлелдеді. Осыған қоса, қазіргі қалыптасқан экономика жағдайында «К-Дорстрой» АҚ қаншалықты тұрақты және тиімді екенін анықтап көрейік.

Кәсіпорынның қаржылық жағдайы туралы жалпы мағлұматты алу үшін мүлік жағдайын талдау жасау керек. Кәсіпорынның мүліктік жағдайын талдау екі бөліктен тұрады [20]:

- 1) баланс активінің құрылымы мен құрамының динамикасын талдау;
- 2) баланс активін қалыптастыру көздердің құрылымын талдау.

Кәсіпорынның қаржылық жағдайы көбінесе активтерге қаржылық ресурстардың дұрыс және мақсатты салынуына тәуелді болады. Кәсіпорынның қызмет ету процесінде активтердің көлемі де, оның құрылымы әрдайым өзгерістерге ұшырайды. Қаржылық есептеменің маңызды элементі болып табылатын активтерді талдау кезінде олардың бар болуы, құрылымы және олармен болған өзгерістер қарастырылады. Активтердің құрылымдық талдауы


олардың рационалды орналастыру дәрежесін көрсетеді. Активтердің өсуі кәсіпорынның одан әрі дамуының жағымды жағын дәлелдейді.

Бухгалтерлік баланс мәліметтері негізінде активтердің құрамы мен құрылымын талдау үшін келесі кестені құру қажет (Кесте 3).

Кесте 3 – «К-Дорстрой» АҚ активтерінің құрамы мен құрылымын талдау

Актив	Жылдар						Өзгеруі			
	2015		2016		2017		2016/2017		2015/2016	
	Мың тенге	Үле с %	Мың тенге	Үле с %	Мың тенге	Үле с %	+/-	%	+/-	%
Негізгі құралдар	623670,2	32,9	640797,8	22,6	658625,7	14,9	17827,9	102,8	17127,6	102,7
Басқадай ұзақмерзімді активтер	0	0	441791,6	15,6	55467,92	1,2	-386323,7	12,6	441791,6	-
<i>Ұзақмерзімді активтер</i>	623670,2	32,9	1082589,4	38,2	714093,7	16,1	-368495,7	66,0	458919,2	173,6
ТМҚ	175602,0	9,26	188162,0	6,7	1100943	24,9	912780,9	585,1	12560,0	107,2
Қысқа мерзімді дебиторлық берешек	68171,1	3,6	262463,4	9,3	205673,01	4,6	-56790,46	78,4	194292,4	385,0
Ақша қаражаттары	1028351,1	54,2	1297894,5	45,8	2403991,2	54,3	1106096,7	185,2	269543,4	126,2
<i>Қысқа мерзімді активтер</i>	1272124,2	67,1	1748520,0	61,8	3710607,2	83,8	1962087,1	212,2	476395,8	137,4
<i>Активтер барлығы</i>	1895794,4	100	2831109,4	100	4424700,8	100	1593591,5	156,3	935315,0	149,3
Ескерту - [17] Дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған										

Кесте 3 мәліметтерін талдаудан келесі қорытындыларды шығаруға болады: барлық активтердің құны 2017 жылы 2016 жылмен салыстырғанда 1593591 мың тенгеге немесе 56,3%-ға өсті, ал 2016 жылдың активтер көлемін 2015 жылмен салыстырғанда 49,3%-ға ұлғайды. Негізгі құралдардың қалдық құны 2017 жылда 2016 жылға қарағанда 2,8%-ға, яғни 17827,9 мың тенгеге өсті, ал 2016 жылда өткен жылға қарағанда 2,7% өсуі байқалады. Қысқамерзімді активтердің 2015 жылға қарағанда күрт өсуі байқалады, бұл ақша қаражаттары мен тауарлы-материалдық қорлардың өсуінен туындаған (Сурет 7). Тауарлы-материалдық қорлар есепті кезеңде 2016 жылға қарағанда 912780,9 мың тенгеге, яғни 485,1%-ға ұлғайды. Осы көрсеткіш 2016 жылы 7,2%-ға ғана өскен еді. Кәсіпорынның дебиторлық берешегі 2017 жылда 21,6%-ға төмендеп 205673 мың тенгені құрады. Бірақ та осы көрсеткіш 2016 жылы 2015 жылға қарағанда 285,0%-ға ұлғайған еді. Ақша қаражаттар көлемі де есепті жылда 85,2%-ға, 2016 жылы 2015 жылға қарағанда 26,2%-ға, яғни 269543,4 мың тенгеге артқан еді.



Сурет 7- «К-Дорстрой» АҚ активтерінің құрамы, %
Ескерту - [17] Дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

2017 жылда «К-Дорстрой» АҚ-ның ұзақмерзімді активтері 386323,7 мың тенгеге, яғни 34%-ға кеміп, 714093,7 мың тенгені құрады, ал қысқамерзімді активтері 12,2%-ға, яғни 1962087 мың тенгеге артып, нәтижесінде 3710607 мың тенгені қалыптастырды.

Бухгалтерлік баланс негізде активтерді қалыптастыру көздерін талдау үшін келесі кесте құрастырылды

Кесте 4 - «К-Дорстрой» АҚ-ның меншікті және заемдық капиталдың құрамы мен құрылымы, мың тенге


Пассив	Жылдар						Өзгеруі			
	2015		2016		2017		2016/2017		2015/2016	
	сомма	%	сомма	%	сомма	%	+/-	%	+/-	%
Меншікті капитал	455992	24,1	488516	17,3	168205	3,8	-320311	34,4	32524,46	107,1
Жарғылық капитал	2400	0,1	2400	0,1	2400	0,1	0	100	0	100,0
Бөлінбеген кіріс	453592	23,9	486116,4	17,2	165805,3	3,7	-320311,1	34,1	32524,4	107,2
Заемдық капитал	1439802,4	75,9	2342593	82,7	4256495,5	96,2	1913902,5	181,7	902790,5	162,7
Қысқамерзімді міндеттеме	250244,9	13,2	1153035,3	40,7	266937,8	6,0	-886098	23,2	902790,5	460,8
Қысқамерзімді қаржылық салымдар	28247,3	1,5	148350,1	5,2	0,0	0,0	-148350	0,0	120102,8	525,2
Салық бойынша міндеттеме	0,0	0,0	0,0	0,0	2654,8	0,1	2654,8		0	
Қысқамерзімді кредиторлық берешек	221997,5	11,7	1004685,2	35,5	264283,0	6,0	-740402	26,3	782687,7	452,6
Ұзақмерзімді міндеттеме	1189557,6	62,7	1189557,6	42,0	3989557,6	90,2	2800000	335,4	0,034158	0,0
Ұзақмерзімді қаржылық міндеттеме	1189557,6	62,7	1189557,6	42,0	3989557,6	90,2	2800000	335,4	0,034158	0,0
Пассив барлығы	1895794,4	100	2831109,4	100	4424700,8	100	1593591	156,3	935315	149,3

Ескерту - [17] Дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

Жоғарыдағы кесте мәліметтері бойынша кәсіпорынның меншікті капиталы есепті жылда 2016 жылға қарағанда 65,6%-ға төмендеді. Меншікті капитал көлемі бөлінбеген кірістің әсерінен төмендеді, ол 2017 жылда 2016 жылға қарағанда 65,9%-ға азайды.

2017 жылы «К-Дорстрой» АҚ-ның заемдық капиталы 81,7%-ға, яғни 1913903 мың тенгеге өсіп, 4256495,5 мың тенгені құрады. Кәсіпорын бойынша қысқамерзімді берешек сомасы есепті жылда 76,8%-ға қысқартты, ал ұзақмерзімді берешекті өз алдына 2,3 есе шамасындай көбейтті.

Жиынтық капитал ішінде меншікті капитал көлемі есепті жылда 3,8%-ды, ал 96,2%-ын заемдық капитал алады (Сурет 8). Меншікті капитал үлесі 2016 жылға қарағанда азайды.



Сурет 8- Жиынтық капиталдың құрамы мен құрылымының динамикасы
Ескерту - [17] Дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

Жоғарыда жүргізілген талдау нәтижесінде кәсіпорын қазіргі қызметін өзіндік қаржыландыру арқылы емес, яғни меншікті қаражаттар есебімен, көбінесе заемдық қаражаттар арқылы, яғни кредиторлық берешек арқасында жүргізіп отыр.

Сондықтан, бұл кәсіпорынның төлемқабілеттілік деңгейіне әсер етуі мүмкін және кәсіпорынға уақытында басқарушылық шешімді қабылдауға мүмкіндік береді. «К-Дорстрой» АҚ-на өз берешектері бойынша мүмкіндігінше өтеулер жүргізу керек, өйткені несие алу кезінде соңғы шешім қабылдауына әсерін тигізеді.

2.4 Ұйымның төлем қабілеттілігі мен табыстылығын талдау

«К-Дорстрой» АҚ-ның қызмет тиімділігіне талдау жүргізейік.

Кәсіпорын капиталын тиімді пайдаланудың сипаттайтын маңызды көрсеткіш – активтердің рентабельділігі. Ол кәсіпорынның иелігінде бар барлық

қаражаттардың пайданы табуға қабілетін көрсетеді, салынған қаражаттардың 1 тенгесіне қанша таза пайда келетінін білдіреді.

Активтердің рентабельдігін талдағаннан кейін меншікті капитал рентабельдігін талдау қажет, өйткені кәсіпорының барлық қызметтері меншікті капиталдың көлемін ұлғайтуға және оның табыстылығын көтеруге бағытталуы тиіс. Ол меншікті капиталдың 1 тенгесіне пайда үлесін сипаттайды.

Кәсіпорының тиімділігін бағалау кезінде маңызы бар көрсеткіш – айналым капиталының рентабельділігі. Бұл көрсеткіш өнім мен қызметтердің жүзеге асырылуын сипаттайды, сонымен қатар жұмыс орындауда өзіндік құнның үлесін бағалайды. Ол өнімді (қызмет, жұмыс) өткізуден алынған табыста таза пайданын үлесін көрсетеді [21].

«К-Дорстрой» АҚ бухгалтерлік баланс пен қаржылық-шаруашылық есептегі мәліметтерді пайдаланып, келесі кесте құраймыз (Кесте 5).

Кесте 5 - Жиынтық активтерді тиімді пайдаланудың көрсеткіштері

Көрсеткіш	Формула	Жылдар			Өзгеруі (+/-)	
		2015	2016	2017	2016/2017	2015/2017
Активтер рентабельдігі (ROI), %	Таза пайда / активтердің орташа құны * 100	0,51	0,68	0,46	-0,22	-0,05
Ағымдағы активтер рентабельдігі (RCA), %	Таза пайда / айналым капиталдың орташа құны * 100	0,76	1,09	0,55	-0,54	-0,21
Меншікті капиталдың рентабельдігі (ROE), %	Таза пайда / меншікті капиталдың орташа құны	2,12	3,91	12,1	8,19	9,98
Сату рентабельдігі (ROS), %	Таза пайда / өткізуден түскен табыс * 100	2,53	4,34	1,21	-3,13	-1,32
Айналымнан тыс активтердің рентабельдігі (RFA), %	Таза пайда / негізгі құралдар * 100	1,55	2,98	3,09	0,11	1,54
Ескерту - [17] Дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған						

Кесте 5 мәліметтері бойынша активтер рентабельділігі есепті кезеңде активтердің айналымының кемуі есебінен (активтердің айналым коэффициенті 0,54 пунктке кеміді) 0,46%-ға дейін төмендеді. Бірақ та сату рентабельдігі активтер рентабельдігіне де кері әсер тигізді. Өткізуден түскен табыста таза пайданын үлесі 3,13%-ға азайды. Сонымен бірге қоғамда меншікті капитал рентабельділігі 8,19%-ға өсті.

Кәсіпорын төлемқабілеттігін талдау кезінде өтімділіктің маңызы өте зор.

Баланс өтімділігінің мәні ұйымның төлемқабілеттігіне, яғни өзінің барлық міндеттемелері үшін уақытында және толық есеп айырысуына баға берудің қажеттілігіне байланысты туындайды. Баланс өтімділігі ұйым міндеттемелерін, ақшаға айналу мерзімі міндеттемелердің өтеу мерзіміне сәйкес келетін активтерімен жабу дәрежесін айтады. Өтімділіктен активтер өтімділігінің айырмашылығын білу керек. Белгілі бір активтің өтімділігі туралы айтқан-да, сол активтің ақша қаражаттарына айналу қабілетін түсінеді. Ал өтімділік дәрежесі айналуға жүзеге асырылу мүмкіндігі болғандағы кезеңнің мерзім ұзақтылығы арқылы анықталады. Кезең неғұрлым қысқа болса, активтердің өтімділігі соғұрлым жоғары болады [22].

Кәсіпорынның өтімділігі төмендегі көрсеткіштер негізінде талданады:

- Абсолютті өтімділік коэффициенті. Бұл көрсеткіш кассадағы ақша қаражаттарының ағымдағы міндеттемелерге қатынасы арқылы анықталады. Кәсіпорын өтімділігінің айтарлықтай қатаң белгісі болып табылады; қажеттілік туындаған кезде, қысқа мерзімді қарыздық міндеттемелердің қандай бөлігін, сол мезетте өтеуге болатынын көрсетеді. Көрсеткіштің оптималды төменгі шегі $\geq 0,2 - 0,25$.

- Критикалық өтімділік коэффициенті (аралық жабу коэффициенті) ақша қаражаттарының, дебиторлық берешектің және бағалы қағаздардың қысқа мерзімді міндеттемелерге қатынасы арқылы анықталады. Бұл көрсеткіш ақша - қаражаттармен және күтілетін төлемдер есебінен қысқа мерзімді міндеттемелердің қандай бөлігін өтеуге болатынын анықтауға мүмкіндік береді. Шекті өтімділік коэффициентінің нормативтік шектеуі $K_{шө} \geq 0,7-0,8$

- Ағымдағы өтімділік коэффициенті (жабу коэффициенті). Активтердің жалпы бағасын беріп, кәсіпорынның ағымдағы активтерінің қанша теңгесі ағымдағы міндеттемелердің бір теңгесіне келеді. Бұл көрсеткішті есептеу мәні келесіде: кәсіпорын өзінің қысқа мерзімді міндеттемелерін ағымдық активтер есебінен өтейді; егер ағымдағы активтер ағымдағы міндеттемелерден асатын болса, кәсіпорын сәтті қызмет етеді деп қарастырылады (теориялық көзқарас). Көрсеткіштің мәні қызмет салаларымен түрлеріне байланысты өзгеруі мүмкін, ал оның динамикалық өсуінің оң тенденциясы болады. Батыс есептік - аналитикалық тәжірибеде, көрсеткіштің шекті мәні ≥ 2 .

«К-Дорстрой» АҚ төлемқабілеттігі мен өтімділігін анықтау үшін келесі кестені құрастырайық (Кесте 6).

Кесте 6 - «К-Дорстрой» АҚ өтімділік коэффициенттері

Көрсеткіш	Норматив мәні	Жылдар			Өзгеруі (+/-)	
		2015	2016	2017	2016/2017	2015/2017
Абсолютті өтімділік коэффициенті	$\geq 0,2 - 0,25$	4,11	1,13	9,01	+7,88	+4,90
Ағымды өтімділік коэффициенті	≥ 2	5,08	1,52	13,09	+12,38	+8,82
Аралық өтімділік коэффициенті	$\geq 0,7-0,8$	4,38	1,35	9,78	+8,42	+5,39
Ескерту – [17] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған						

Жоғары кестедегі есептеулер нәтижесінде есепті жылда кәсіпорынның қызметі өтімді, яғни кез келген уақытта өз міндеттемелерін өтей алады. Барлық өтімділік коэффициентті орнатылған нормативтер мәнін қанағаттандырады. Есепті кезеңде өтімділік көрсеткіштердің жоғары мәндері компанияда қысқамерзімді міндеттемелер көлемінің азаюынан болды.

Өтімділік пен төлемқабілеттіліктің талдауы кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын талдауға мүмкіндік береді.

«К-Дорстрой» АҚ қаржылық тұрақтылығын талдау үшін келесі кестені құрастырайық (Кесте 7).

Кесте 7- Қаржылық тұрақтылықтың салыстырмалы көрсеткіштерін талдау

Атауы	Формула	Норм атив мәні	Жылдар			Өзгеруі	
			20 15	2016	2017	2016/2017	2015/2017
Тәуелсіздік (автономдық) коэффициенті	Меншікті капитал/ актив	0,5- 0,7	0,2 4	0,17	0,04	-0,13	-0,20
Тәуелділік коэффициенті	Міндеттемелер /актив	0,5- 0,8	0,7 6	0,83	0,96	0,13	0,20
Заемдық капиталдың меншікті капиталға қатынасы	Заемдық капитал/ меншікті капитал	0,5- 0,7	3,1 6	4,8	25,31	20,51	22,15
Маневрлеу коэффициенті	Меншікті айналым капиталы/ меншікті капитал	0,2- 0,5	2,2 4	1,22	20,47	19,25	18,23
Мобильді және иммобильді активтердің қатынасы	Айналым активтері / айналымнан тыс активтер	-	2,0 4	1,62	5,20	3,58	3,16
Меншікті қаржыландыру көздермен қамтамасыз етілуі	(меншікті капитал – айналымнан тыс активтер) / айналым активтер	0,1	- 0,1 3	-0,34	-0,15	0,19	-0,02
<i>7 – кестенің жалғасы</i>							
ТМҚ меншікті көздермен қамтамасыз етілуі	Меншікті айналым капиталы / ТМҚ	0.6- 0.8	5,8 2	3,16	3,13	-0,04	-2,69
Ұзақ мерзімді қаржылық тәуелсіздік коэффициенті	(меншікті капитал+ұзақ мерзімді несие)/ баланс валютасы	0,8- 0,9	0,8 7	0,59	0,94	0,35	0,07
Ескерту - [17] Дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған							

Кесте мәліметтері негізінде кәсіпорының қаржылық тұрақтылығы нашарлағанын айтуға болады. Есепті жылда «К-Дорстрой» АҚ-ы қарыздық қаржыландыру көздеріне тәуелділігі өсті, яғни шаруашылық қызметтің 4%-ы ғана меншікті қаражат көздерімен, қалған 96%-ы қарыз көздермен қаржыландырылады.

Сонда меншікті қаражаттардың әрбір 1 тенгесіне 25,31 тенге тартылған қаражат көздері келеді, өткен кезеңмен салыстырғанда 20,51 бірлікке күрт өсті. Бұл компаниямен 2800,0 млн. тенге көлемінде алынған ұзақмерзімді несиеге байланысты болды. Инвесторлар үшін компаниямен өз міндеттемелерді орындауға тәуекелдің бар болуын көрсетеді.

2017 жылы меншікті айналым қаражаттардың маневрлеу көрсеткіші күрт өсіп, 20,47-ге тең болды. Бұл меншікті айналым қаражаттардың 5,7 есе рет өсуіне байланысты болды (2017 жылы - 3443,7 млн. тенге).

Компанияда әрбір айналымнан тыс қаражаттың 1 тенгесіне айналым қаражаттың 5,2 тенгесі келеді, бұл айналым қаражаттың 2,1 есе өсуімен түсіндіруге болады. Сонда есепті кезеңде ТМҚ-дың көлемі 5,8 есе өсуі, іске асырылып тұрған жобаларды материалдармен қамтамасыз ету салдарынан болды.

Меншікті қаржыландыру көздерімен қамтамасыз ету көрсеткіші теріс мәнге ие болып тұр, бұл компанияда меншікті капитал көлемінің азаюымен және айналымда қарыздық көздердің үлесі өсуімен түсіндіруге болады. Есепті жыл ішінде компания қысқамерзімді кредиторлық берешектің 73,3%-ға қысқартты, және де қаржылық салымдарды меншікті қаражат есебінен жапты, сол себептен меншікті капитал көлемі 65,6%-ға төмендеген.

2017 жыл қорытындысы бойынша «К-Дорстрой» АҚ-ы қаржылық тұрақтылық коэффициенті (ұзақмерзімді қаржылық тәуелсіздік) 0,94-ке тең, яғни ұсынылатын мәніне сәл жоғары, бұл компания активтерінің 94%-ы тұрақты ұзақмерзімді көздермен қаржыландырылады, яғни компания жағдайы тұрақты және ұзақ уақытта төлемқабілетті болып саналады.

Қорыта келе, «К-Дорстрой» АҚ-ы ұзақ уақыт бойы табысты қызмет ететін ірі бизнес субъектілердің бірі. Компания жоғары технологиялық материалдық ресурстары негізінде мемлекет тапсырыстары бойынша еліміздің жол құрылыс саласында инфрақұрылымды дамытуға өз үлесін қосады.

«К-Дорстрой» АҚ-ы қаржылық-шаруашылық қызметін талдау нәтижелері компания төлемқабілетті және тиімді болып табылады, бірақ та қысқа мерзімді тұрақтылық дәрежесін күшейту бойынша шараларды қолдану қажет.

3 Ұйымның қаржы-шаруашылық қызметінің аудиті және жетілдіруі

3.1 «К-Дорстрой» АҚ аудитін ұйымдастыру


«К-Дорстрой» АҚ өз қызметі барысында ішкі аудиттік ғана емес, сыртқы аудиттік тексерістерден өтеді.

Қазіргі таңда аудитті жүргізу кезінде компанияның салалық бағытын ескеру қажет, бұл аудиттік процедураларды жүргізудің тиімділігі мен сапасын жоғарлатуға көмек береді.

«К-Дорстрой» АҚ жол құрылысы саласында қызмет ететіндіктен, құрылыс технологиясының ерекшеліктері талдамалық және синтетикалық есепті ұйымдастыруға әсер етеді.

Құрылыс аудиті жүргізілген немесе жүргізіліп жатқан жол құрылыс жұмыстарының көлемі мен сапасын тексеру үшін, сондай-ақ жүргізілген жұмыстың нақты құны мен мердігермен көрсетілген атқару құжаттарындағы құнымен салыстыру үшін жүргізіледі.

Сонда ұйымдастырылатын құрылыс аудиттің құраушыларын жалпы, қаржылық, техникалық және материалдық бағыттары бойынша бөлуге болады. «К-Дорстрой» АҚ аудитті ұйымдастыру бағыттары төменгі суретте көрсетілген.



Сурет 9 – «К-Дорстрой» АҚ аудитті ұйымдастыру бағыттары
Ескерту - авторлармен құрастырылған

Көріп отырғанымыздай, «К-Дорстрой» АҚ аудитті ұйымдастыру кезінде қаржылық есептілікті тексерумен қатар, компанияның салалық ерекшеліктерін

ескере отырып, яғни жол құрылысына байланысты шаруашылық қызметті тексереді.

Аудиторлық тексеріс – бұл күрделі процесс. Аудитор өз жұмысын жоғары сапалыққа жеткізуге бағытталу тиіс, яғни аудиторлық тәуекелді минималдау [23]. Сонда аудитордың алдында келесі оңтайландыру міндеті тұр: қолайлы тәуекел деңгейде аудитті жүргізуге кететін шығындарды азайту немесе қолайлы еңбек шығындары кезінде аудиторлық тәуекелді минималдау.

Аудиторлық тексерісті жүргізу алдында тексеруді жоспарлау қажет. Жоспарлаудың мақсаты – бұл мүмкін болатын аудиторлық тәуекел мен аудитті жүргізу шығындардың қатынасы жағынан аудиторлық тексерістің оңтайлы жүргізуін қамтамасыз ету.

Аудиторға жоспарлау келесі мүмкіндіктерді береді:

- қажетті дәлелдерді алуға, бұл бухгалтерлік есептілік туралы дұрыс және объективі пікірді қалыптастыруға мүмкіндік береді;
- тексерісті жүргізу шығындарды белгіленген мөлшерде ұстауға, бұл аудиторлық қызметтер нарығында бәсекеқабілеттілікті сақтап тұруға мүмкіндік береді;
- клиентпен түсінбеушілікті болдырмау, бұл клиентпен жақсы қарым-қатынасты қамтамасыз етуге және жұмысты сапалы орындауға септігін тигізеді.

Аудиторлық ұйым немесе аудитор тексерісті тиімді жүргізу мақсатында өз жұмысын жоспарлау қажет.

Кешенді әдістеменің элементтеріне жатады:

- келісім шарттардың аудиті;
- операцияларды жүргізу кезінде нормативті-құқықтық актілерді сақталуды тексеру;
- бухгалтерлік есептің аудиті.

Аудитор қолданылатын әдістемеге байланысты аудит бағдарламасын құрып, оны құжатта рәсімдеуге тиісті. Мәселен, ХАС 230 «Аудиторлық құжаттама» сәйкес аудиторлық есептілікті растайтын дәлелдерді және аудит ХАС сәйкес өткізілгені туралы дәлелдерді ұсыну кезіндегі маңызды мәліметтерді аудитор құжатпен рәсімдеуге қажет [24]. Аудиттің бағдарламасында аудитті жүргізу үшін қажетті жоспарланған аудиторлық процедуралардың сипаттамасы, көлемі мен мерзімдері көрсетіледі.

Кесте 8 – Жол құрылысында аудиторлық тексерістің бағдарламасы

№	Процедуралардың тізімі	Ақпарат көзі	Қолданылатын шаралар
1	2	3	4
1	Келісім шарттардың бар болуы мен рәсімдеу дұрыстығы	Келісім шарттар	Құжаттаманы тексеру
2	Операциялардың заңдылығын тексеру	Заңдар, нұсқаулар, қаулылар, салық декларациялары, лицензиялар	Растау, құжаттарды тексеру

1	2	3	4
3	Ішкі бақылауды жүргізу дұрыстығын тексеру	келісім шарттар, нұсқаулар, журнал-ордер, Бас кітап	Құжаттарды тексеру
4	Есеп кезеңінде кәсіпорын балансында уақытында көрсетілуін тексеру	Келісім шарттар	Құжаттаманы тексеру
5	Қорытынды ауналымдар мен жабылмаған несиелік шоттарды салыстыру	Журнал-ордер, Бас кітап	Аналитикалық процедуралар, арифметикалық есептеулерді тексеру
6	Жыл аяғында кредиторлардың тізімін тексеру, негізгі жеткізушілер бойынша қалдықты салыстыру мен растау	Жылдық бухгалтерлік есеп	
7	Объектінің жалпы құнын қалыптастыру дұрыстығын тексеру	Есептілік, келісім шарттар	Қайта есептеу, арифметикалық есептерді тексеру
8	Жалпы құнға қосылған шығындардың құрамын тексеру	Алғашқы бухгалтерлік құжаттар, материалдар	Растау, құжаттарды тексеру
9	Қурстық айырманы есептеу дұрыстығы мен оларды бухгалтерлік есепте көрсетілуін тексеру	Шетел жеткізушілермен есеп айырысудың талдамалық есеп мәліметтері, курс бағамы, банк көшірмелері	Арифметикалық есеп айырысуларды тексеру, бқлек операциялардың жиынтық тексерісі
10	Жұмыстар мен қызметтер бойынша қолданылатын бағалау мәндері растығын тексеру	Кәсіпорынның есеп айырысулар, растайтын құжаттар	Құжаттарды тексеру
Ескерту - [25] Дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған			

Аудиттік тексеріс бірнеше кезеңде өткізіледі. Алдын-ала кезеңінде кәсіпорында аудитті жүргізетін аудитор тағайындалады, аудитті жүргізу орны мен уақыты бекітіледі. Сондай-ақ операциялардың заңдылық жүйесін тестілеу жүргізіледі.

Ішкі бақылау құралдардың тестілеу кезеңінде бухгалтерлік есеп пен операциялардың ішкі бақылау жүйелерді ұйымдастыру және қызмет ету тиімділігін бағалау жүргізіледі. Бұл кезең кәсіпорынның қаржылық есептілігін алдын-ала зерттеуден басталады. Есептіліктің алдын-ала зерттелуі қаржылық есептілікті жалпы шолу арқылы, есептілік пен Басты кітапты кешендік шолу арқылы, операция түрлерін анықтау арқылы жүргізіледі. Бухгалтерлік есеп жүйесін зерттеумен қатар аудитор ішкі бақылау жүйесін де зерттеу қажет.

Бұл тексеріс кезеңіне үшінші кезеңнің аяқталғанда көшу керек. Үшінші кезең – жол құрылыс кәсіпорында қолданылатын келісімшарттардың аудиті. Нәтижесінде жалпы аудиторлық тексерістің тиімділігі көтеріледі және ұсынылатын операциялар аудиті әдістемесінің кешенді сипаты расталады. Үшінші кезеңде аудиторлық дәлелдемелерді жинау инспектілеу, қайта есептеу, талдамалық процедураларды растау арқылы жүргізіледі.

Кесте 9 – Жол құрылысында қаржылық есептілікті зерттеудің алдын-ала әдістері

Әдіс	Мазмұны	Қолдану мақсаты
Есептілікті жалпы шолу	Аудит кезеңі ішінде барлық жылдық және аралық есептіліктерді талдамалық зерттеу	Негізгі көрсеткіштердің бар болуы мен өзгеру қарқынын, сондай-ақ көрсеткіштер арасында сәйкес келмеушілік пен келіспеушіліктерді айқындау
Есептілік пен Басты кітапты кешенді шолу	Бас кітап пен есептілік мәліметтерді салыстыру	Есептілік мәліметтердің Бас кітап мәліметтеріне сәйкес келу дәрежесін, көрсеткіштер арасында сәйкес келмеушілік пен келіспеушіліктерді анықтау
Есептілік көрсеткіштердің дезагрегациясы	Есептіліктің кешенді көрсеткіштерін шоттар бойынша айналым мен қалдықтарға бөлу	Есептіліктің кешенді көрсеткіштерін элементтер бойынша ашу және оларды құру дұрыстығын растау
Операциялар түрлерін анықтау	Операциялар есеп шоттары бойынша айналым мен қалдығын анықтау	Есеп шоттары бойынша көрсеткіштердің бар болуы мен көлемін орнату
Ескерту - [25] Дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған		

Аудитор бастапқы құжаттарды тексеру үшін құжаттық тексерістердің әдістерін: нормативтік, арифметикалық тексерістер, қарсы бақылау мен өзара бақылау әдістерді қолданады.

Аудитті жүргізу кезінде аудиторға түгендеу нәтижелерін бухгалтерлік есепте көрсету мен жүргізу дұрыстығын тексеру қажет. Бұл бастапқы есеп құжаттарын бухгалтерлік есеп регистрлерін салыстыру арқылы операцияларды бухгалтерлік есепте толық айқындалуын қадағалауға мүмкіндік береді.

2018 жылы «К-Дорстрой» АҚ шаруашылық операциялардың аудиті жүргізілген еді [26]. Аудит кезінде жоспарланған шаралар төменгі кестеде көрсетілген.

Кесте 10 – «К-Дорстрой» АҚ аудит жоспары

№	Жұмыс түрлері	Өткізу кезеңі (сағ)	Орындаушы
1	Кәсіпорынның есеп саясаты зерттеу	10	-
2	Ішкі бақылау жүйесін тексеру мен аудиторлық бағасы	15	-
3	Жарғылық құжаттардың аудиті	15	-
4	Негізгі құралдардың есебі мен сақталу аудиті	35	-
5	ТМҚ қозғалысының аудиті	40	-
6	Ақша қаражаттардың аудиті	70	-
7	Жауапты тұлғалармен есеп айырысу аудиті	30	-
8	Еңбекақы бойынша есеп айырысу аудиті	20	-
9	Еңбек заңнамасын сақтау аудиті	30	-
10	Аудиторлық қорытындыны дайындау	20	-
11	Аудит нәтижелерін басшылығымен талқылау	15	-
Ескерту – [26] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған			

Кейін «К-Дорстрой» АҚ аудиті үшін аудиторлық тексерістің бағдарламасы құрылған еді (Кесте 11). Аудит бағдарламасында аудиторлық дәлелдемелерді жинау үшін қажетті аудиторлық процедуралар мен олардың орындалу көлемі көрсетілген.

Кесте 11 – «К-Дорстрой» АҚ аудиторлық тексерістің бағдарламасы

№	Жоспарланған жұмыс түрлері	Сағ	Жауапты	Аудитордың жұмыс құжаттары
1	Есеп саясатын зерттеу	10	-	Есеп саясаты, Шоттардың типтік жоспары, Есеп саясатын бақылау тесті
2	Ішкі бақылау жүйесін тексеру мен аудиторлық бағасы	15	-	Ішкі бақылау тесті
3	Жарғылық құжаттардың аудиті	15	-	Жарғылық құжаттар, бухгалтерлік есеп мәліметтері, ішкі бақылау тесті
4	Негізгі құралдардың есесі мен сақталу аудиті	35	-	Ішкі бақылау тесті, сәйкес келу кестесі
5	ТМҚ қозғалысының аудиті	40	-	Бухгалтерлік есеп мәліметтері, салыстырмалы ведомость, түгендеу мәліметтері, айқындалған кателердің ведомості
6	Ақша қаражаттардың аудиті	70	-	Бастапқы құжаттар, банк көшірмелері, банктік шоттар келісімдері, регистрлер, бухгалтерлік есеп нысандары, ішкі бақылау тесті, айқындау кателер ведомості
7	Жауапты тұлғалардың есеп айырысу аудиті	30	-	Бұйрықтар, тексеру тесті, аванстық есептер, акт, жауапты тұлғалардың тізімі
8	Еңбекақы бойынша есеп айырысудың аудиті	20	-	Ішкі бақылау тесті
9	Еңбек заңнамасын сақтау аудиті	30	-	
9.1	Еңбек пен еңбекақы есебі бойынша ішкі құжаттарды тексеру	5	-	Коллективті келісім, еңбекақы төлеу ережесі
9.2	Штаттық кестені тексеру	5	-	штаттық кесте
9.3	Жұмысқа қабылдау бұйрықтардың бар болуы	5	-	Жұмысқа қабылдау бұйрық, еңбек келісімі
9.4	Еңбекақыны есептеу дұрыстығын тексеру	5	-	есеп айырысу төлем ведомосі, есеп айырысу шоттары
9.5	Еңбекақыдан шегерімдерді тексеру	5	-	Салық картасы, есеп айырысу төлем ведомосі
9.6	Еңбекақы бойынша персоналмен есеп айырысудың бухгалтерлік есебін ұйымдастыруды тексеру	5	-	Бас кітап, есеп регистрлері, жұмыс кестесі
Ескерту - [26] Дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған				

Сонда жоғарыда көрсетілген бағдарламаға сай аудитормен 2017 жылдың 1 қаңтар мен 31 желтоқсан аралығындағы «К-Дорстрой» АҚ қаржылық-шаруашылық қызметіне аудит жүргізілген еді.

Аудит кезінде «К-Дорстрой» АҚ-ымен қаржылық-шаруашылық операцияларды жүргізгенде ҚР заңнамасының сақталуын аудитормен тексерілді. Заңнамалардың сақталуы үшін жауаптылықты «К-Дорстрой» АҚ басшылығы өзіне алады.

Аудитті жоспарлау мен жүргізу кезінде «К-Дорстрой» АҚ ішкі бақылаудың жағдайы қарастырылған еді. Кәсіпорында ішкі бақылауды ұйымдастыру мен жағдайы үшін жауаптылықты «К-Дорстрой» АҚ атқарушы органы алады.

Аудитор кәсіпорында бар ішкі бақылау жүйесі тиімсіз деп бағалайды, қызмет сипаты мен көлеміне сәйкес келмейді.

Кәсіпорында ішкі бақылау жүйесінің аудиті толық жүргізілмегені туралы айтып кету жөн, себебі бірнеше құжаттар аудиторға ұсынылмаған еді:

- кәсіпорынды басқару құрылымы;
- құзыреттілікті бөлу, ішкі бақылау процедуралары мен өзара байланыстар туралы мәліметтер;
- шаруашылық заңнаманың сақталынуы туралы мәліметтер;
- бухгалтерлік есеп регистрінде мәліметтерді көрсету тәртібі;
- бухгалтерлік есептілікті дайындау процесі туралы мәлімет;
- есептілікті тапсыру кестесі сақтау туралы мәлімет;
- активтердің есебі мен басқару функциялардың бөлінуі туралы мәлімет;
- ішкі бақылау жүйесін тексеруді ұйымдастыру туралы мәліметтер.

Аудит кезінде айқындалған келесі дәлелдер, кәсіпорында ішкі басқару жүйесі қызмет сипаты мен көлеміне сәйкес келмейтініне деген қорытынды шығаруға септік берді:

- кәсіпорында ішкі бақылау мен аудит қызметі нашар ұйымдастырылған;
- алдын-ала мүлікті түгендеусіз жылдық есеп құрылады;
- кәсіпорын басшылығы жағынан бастапқы құжаттарды жүргізу сапасына бақылау орнатылмаған;
- құжатайналым ұйымдастырылмаған.

Анықталған бұзушылықтар активтердің сақталуын қамтамасыз етуге, есеп және есептілік ақпараттың дәлдігіне теріс әсер етеді.

«К-Дорстрой» АҚ есеп саясатының аудитін жүргізу кезінде келесі кемшіліктер анықталған еді:

- шетел валютада операциялардың есебі кезінде бағамдық айырманың тәртібі көрсетілмеген;
- болашақ кезендердің шығындарын өтеу мерзімдері көрсетілмеген;
- шаруашылық операцияларды бақылау тәртібі сипатталмаған;
- негізгі құралдардың сақталуына бақылау айқындалмаған.

Аудитормен аудит кезінде анықталған кемшіліктерді жоюға мүмкіндік берілген еді.

Нәтижесінде, бухгалтерлік және салықтық есептіліктің шынайлығын қамтамасыз ету үшін, ақпараттық тәуекелін қолайлы деңгейге дейін азайту

үшін «К-Дорстрой» АҚ-на ішкі бақылау жүйесін жетілдіруге ұсыныс берілді. Сондай-ақ, кәсіпорын басшылығына келешекте қателіктерді болдырмау үшін бухгалтерлердің біліктілігін көтеруге ұсыныс берілген еді.

3.2 Қаржы- шаруашылық қызметінің жетілдіру жолдары

«К-Дорстрой» АҚ-ның қаржы-шаруашылық қызметін талдау кезінде компания табысты қызмет ететіні анықталған, бірақ та қарыздық құралдарға тәуелділігі өте жоғары болып тұр. Компанияның қаржылық тұрақтылығын қалпына келтіру үшін бірнеше шаралар жиынын орындау қажет. Төменгі 10-шы суретте «К-Дорстрой» АҚ қаржылық жағдайын жетілдіру бағыттары көрсетілген.



Сурет 10- «К-Дорстрой» АҚ жағдайын жетілдіру жолдары
Ескерту - авторлармен құрастырылған


Суретте көрсетілген компанияның қаржы-шаруашылық қызметін жетілдіру бағыттары бойынша келесі ұсыныстарды беруге болады.

Біріншіден, қаржылық тұрақтылықты жоғарлату үшін «К-Дорстрой» АҚ пайданың бір бөлігін меншікті капиталды өсіруге бағыттау қажет, яғни дивиденттерді төлеуден үнемдеуге тура келеді.

Екіншіден, өндірістің көлемін кеңейту үшін қаражатты тарту көзі ретінде қосымша акцияларды шығаруды қолдану орынды болар еді. Бұл заемдық капиталға қажеттілікті азайтуға және капиталдың айналымдылығын тездетуге септігін тигізеді.

Үшіншіден, қысқа мерзімді несиеге қажеттілікті төмендету үшін меншікті айналым құралдарды көбейту мен ағымдық қаржылық қажеттілікті төмендету қажет.

Төменгі 11- ші суретте компанияның қысқа мерзімді несиеге қажеттілікті төмендету бойынша шаралар ұсынылған еді.



Сурет 11- «К-Дорстрой» АҚ қысқа мерзімді несиені төмендету ұсыныстары
Ескерту- авторлармен құрастырылған

Төртіншіден, «К-Дорстрой» АҚ-ы ең алдымен қаржылық жағдайы тұрақты кәсіпорындарға қызметті көрсетуге немесе жұмысты орындауға қажет, яғни бұл кәсіпорындар төлемдерді уақытында жүргізе алады.

Кәсіпорынға қызметті жалғастырып, келісімшарттарды орындау үшін айналымға қосымша қаржылық ресурстарды жұмылдыруға ұсыныс жасауға болады. Бұл мақсатқа келесі қаражат көздерін бағыттауға болады:

- амортизациялық төлемдерді (тоқтатылады немесе айналымнан тыс активтерге ішкі инвестициялардың көлемі қысқартылады);
- ағымдағы жылдағы пайданың бір бөлігін (егер баланста пайдаға қатар бос ақша қаражаттардың өсуі болмаса);

- айналымнан шығарылған мобильденген қаражаттар (әдетте айналымнан тыс активтерге бақытталады);
- өткен кезеңдердегі бөлінбеген пайданы (баланста көрсетілген кезде ол активтің жоғары өтімді қаражаттардың сәйкес шоттарында болмаса);
- ертеде айналым капиталдың тауар-материалдық қорларды қалыптастыруға бағытталған айналым құралдардың бір бөлігі;
- тұрақты пассивтер, яғни жеткізушелердің, бюджеттің, қызметкерлердің төлемдері бойынша ағымдағы кредиторлық қарыздың бір бөлігі.

Жоғарыда көрсетілген ұсыныстар «К-Дорстрой» АҚ қаржы-шаруашылық жағдайын жақсартып, меншікті қаражаттардың көлемін арттыруға мүмкіндік береді.

Қорыта келе, «К-Дорстрой» АҚ қызметіне аудитті жүргізу нәтижесінде айқындалған қателер негізінде бухгалтерия бөлімінің мамандарын біліктілікті жоғарлату курстарына оқытуға жіберу және компанияның ішкі бақылау жүйесін жетілдіру туралы ұсыныстар берілді. Ал компанияның қаржылық жағдайын талдау нәтижесінде қаржылық тұрақтылықты жоғарлату, өндірісті кеңейту мен қысқамерзімді несиеге қажеттілікті төмендету бойынша шаралар ұсынылған еді. Сондай-ақ, қосымша қаражатты табу амалдары берілген.

ҚОРЫТЫНДЫ

Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметті талдаудың теориялық негіздерін қарастыру кезінде қаржылық жағдай түсінігіне анықтама берілді, яғни кәсіпорынның қаржылық жағдайы - бұл белгілі бір кезеңдегі оның қаржылық тұрақтылығы, үздіксіз шаруашылық қызметті орындау үшін қаржылық ресурстармен қамтамасыз етілуі мен өз міндеттемелерін уақытында өтелуі. Сондай-ақ, кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметін талдау қандай бағыттар бойынша қызмет ету керектігін көрсетіп, кәсіпорынның күшті және әлсіз жақтарын айқындауға мүмкіндік береді. Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметін талдау өзіне кәсіпорынның мүлдіктік жағдайы мен капитал құрылымын талдау, қаржылық тұрақтылық көрсеткіштерін бағалау, өтімділік пен табыстылық көрсеткіштерін бағалауды қосады.

Жобаның зерттеу объектісі жол құрылысымен және асфальто-бетон қоспасын өндірумен айналысатын «К-Дорстрой» АҚ болып табылады.

«К-Дорстрой» АҚ қаржы-шаруашылық қызметін талдау кезінде келесі нәтижелер алынды: есепті жылда кәсіпорын өндіріс көлемін ұлғайттып, нәтижесінде бірнеше есе артық табыс алды. Кәсіпорынның активтері өскен, оның ішінде негізгі құралдар, ақша қаражаттары мен ТМҚ ұлғайды, ал дебиторлық берешегі керісінше төмендеді. Кәсіпорынның меншікті капиталы төмендеді, бұл бөлінбеген пайданың әсерінен болды. Заемдық капиталы керісінше өсті, оның ішінде қысқа мерзімді міндеттеме төмендеп, ұзақ мерзімді міндеттемелер көлемі бірнеше есе артқан екен. Сонда тартылған қаражат пассивтердің ең көп үлесін құрайды.

«К-Дорстрой» АҚ қызметін бағалау кезінде өтімділік, қаржылық тұрақтылық және рентабельділік көрсеткіштердің ролі өте маңызды. Рентабельдік көрсеткіштерін анықтаған кезде, активтердің, меншікті капиталдың, қысқа мерзімді активтердің және айналымнан тыс активтердің жұмсаған бір теңгесіне қаншалықты пайда түскені анықталды. Сонда активтер айналымының кему есебінен активтер рентабельдігі кеміді. Меншікті капитал рентабельдігі артты, ал сату рентабельдігі керісінше төмендеді. Өтімділікті бағалау кезінде, барлық өтімділік көрсеткіштері «К-Дорстрой» АҚ қызметі өтімді екенін көрсетті, яғни компания кез-келген уақытта өз міндеттемелерін орындай алады. Бірақ та, кәсіпорынның қызметі сәл тұрақсыз, оның автономия көрсеткіші өте аз, яғни кәсіпорын сыртқы қаражат көздеріне тәуелді екенін білдіреді. Кәсіпорынның ұзақ мерзімді қаржылық тәуелсіздік көрсеткіші активтердің жоғары үлесі ұзақ мерзімді көздермен қаржыландырылатының көрсетті, сол себептен компания жағдайы тұрақты және ұзақ мерзімде төлемқабілетті болады. Алайда кәсіпорынға қысқа мерзімді тұрақтылықты күшейту қажет, ол үшін келесіні ұсынуға болады:

- компания қаржылық жағдайы тұрақты кәсіпорындармен жұмыс жасау қажет. Олардың тапсырыстарын орындау үшін компания келесі көздерден қосымша қаржыны ала алады: амортизациялық төлемдерден, ағымдағы кезеңдегі пайдадан, айналымнан шығарылған имобильденген қаражаттардан, бөлінбеген пайдадан, тұрақты пассивтерден.

«К-Дорстрой» АҚ шаруашылық операциялардың есебін жүргізу үшін ұйымда «Есеп саясаты» бекітілген. Есеп саясаты бухгалтерлік есеп аясындағы заңнамаларға сәйкес құрылды. Есеп саясаттың негізгі бөлімінде кәсіпорынның сипаттамасы, міндеттері, қағидалары, есеп жүйесі мен ішкі бақылау ережелері қарастырылса, әдістемелік бөлімде қаржылық есептіліктің әр бабы бойынша есеп негіздері қарастырылды.

Кәсіпорынның бухгалтерлік есеп жүйесі келесі мүмкіндіктерді беруі тиісті:

- ақпараттың тиімді өңделуіне;
- есеп құжаттарын жедел алуына;
- дәлдіктің жоғары деңгейін көрсетуіне және алаяқты минималдау.

«К-Дорстрой» АҚ бухгалтерия бөлімі кассадан және 4 бөлімнен тұрады, олар: қаржы-есеп бөлімі, материалдық құндылықтар есебі, шығын мен жұмысты орындау есеп бөлімі, еңбекақы бойынша есеп айырысу бөлімі. Компания қаржылық есептілік нысандарын отызыншы сәуірден кешіктірмей тапсыру қажетті, ал қаржылық есептілікті құру алдында түгендеуді жүргізуге міндетті.

«К-Дорстрой» АҚ аудитті бірнеше бағыт бойынша ұйымдастырылады: жалпы, қаржылық, техникалық және материалдық. Аудитті ұйымдастыру кезінде компанияның салалық ерекшелігі ескеріледі. 2018 жылы аудиторлық ұйыммен «К-Дорстрой» АҚ қызметіне аудит жүргізілген еді.

Компанияда аудитті жүргізу кезінде алынған нәтижелер: аудитті жүргізу кезінде аудиторларға әртүрлі себептермен кейбір құжаттар берілмеген еді. Аудитормен жиналған дәлелдер негізінде келесі қорытынды шығарылған еді: ішкі бақылау қызметінің нашар ұйымдастырылуы, түгендеусіз жылдық есепті құру фактілердің бар болуы, бастапқы құжаттардың жүргізілу сапасына бақылау жоқ және кәсіпорында құжатайналым ұйымдастырылмаған. «К-Дорстрой» АҚ есеп саясатын тексеру кезінде келесі кемшіліктер анықталған: шетел валютадағы операциялардың есебі кезеңде курстық айырманың тәртібі көрсетілмеген; болашақ кезеңде шығындардың өтелу мерзімі берілмеген; шаруашылық операциялар мен негізгі құралдарды сақтау бойынша бақылау тәртібі көрсетілмеген. Аудит нәтижесінде «К-Дорстрой» АҚ басшылығына келесі ұсыныстар берілді:

- бухгалтерлік пен салықтық есептіліктің шынайлығын қамтамасыз етуге және ақпараттық тәуекелді қолайлы деңгейге дейін төмендету үшін «компанияда ішкі бақылау жүйесін жетілдіру қажет»;

- болашақта қателерді болдырмау үшін компанияның бухгалтерлерін біліктілікті көтеру курстарынан оқыту қажет.

«К-Дорстрой» АҚ қаржы-шаруашылық қызметін талдау нәтижесінде компанияның қызметін жетілдіру бойынша келесі ұсыныстар жасауға болады:

- Компанияның қаржылық тұрақтылықты арттыру үшін шаруашылық қызметтен алынған пайданың бір бөлігін меншікті капиталдық көлемін өсіруге бағыттау қажет;

- Компанияның өндірісін кеңейту үшін қосымша акцияларды шығару қажет, бұл қарыздық көздерге қажеттілікті азайтып, капитал айналымдылығын тездетеді;

- Қысқа мерзімді несиеге қажеттілікті қысқарту үшін меншікті айналым құралдарды көбейтіп, ағымды қаржылық қажеттілігін төмендету қажет. Бұл келесі шаралар арқылы іске асырылады: меншікті қаражатты өсіру, ұзақ мерзімді несиені алу, қызметтер көлемін арттыру, дебиторлық берешекті төмендету және кредиторлық берешекті арттыру.

Жоғарыда келтірілген ұсыныстар «К-Дорстрой» АҚ қаржы-шаруашылық жағдайы мен есеп жүргізуді жақсартып, меншікті қаражаттардың көлемін өсіру нәтижесінде, компанияның тұрақтылық дәрежесін арттырады.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Мельник М. Анализ финансово-хозяйственной деятельности предприятия. – М: Форум, 2015. – 192с.
- 2 Русакова Е. Комплексный экономический анализ деятельности предприятия. – М: Питер, 2016. – 224с.
- 3 Савицкая Г. Анализ хозяйственной деятельности. – М: Инфра-М, 2014. – 288с.
- 4 Турманидзе Т. Анализ и диагностика финансово-хозяйственной деятельности предприятия. – М: Экономика, 2015. – 480с.
- 5 Дүйсембаев К. Ш. Қаржы есептілігін талдау – А: Экономика, 2011.
- 6 Әбдімананов Ә. Бухгалтерлік есеп теориясы. – А: Еуразия, 2009 -466б.
- 7 Баймуханова С. Бухгалтерлік есеп. – А: Экономика, 2008. – 696б.
- 8 «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» ҚР Заңы / 2007 жылдың 28 ақпанда №234 Заңы [электрондық ресурс] http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000234_
- 9 Кеулимжанова К. Бухгалтерлік есеп теориясы және негіздері. – А: Экономика, 2006. – 384б.
- 10 «Аудиторлық қызмет туралы» ҚР Заңы / 1998 жылы 20 қараша, №304-І [электронды нұсқа] https://zakon.uchet.kz/kaz/docs/Z980000304_
- 11 Шишкин А. Учет, анализ, аудит на предприятии – М:Юнити, 2015.
- 12 Ажибаева З., Байболтаева Н., Жумағалиева Ж. Аудит. – А: Экономика, 2006.
- 13 Абленов Б. Қаржылық және басқарушылық аудит: теория, әдіснама, тәжірибе. – А: Экономика, 2007.
- 14 «К-Дорстрой» АҚ Жарғысы
- 15 «К-Дорстрой» АҚ ресми интернет-ресурсы <http://k-dorstroy.kz/>
- 16 «ҰК «КазАвтоЖол» АҚ ресми интернет ресурсы <http://KazAutoZhol.kz>
- 17 «К-Дорстрой» АҚ қаржылық есептілігі
- 18 «К-Дорстрой» АҚ Есеп саясаты
- 19 «Салықтар және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдер туралы» ҚР Кодексі / 2017 жылдың 25 желтоқсан №120-VI
- 20 Дүйсембаев К. Анализ финансового положения предприятия. – А: Экономика, 1998. – 184с.
- 21 Шадрин Г. Анализ финансово-хозяйственной деятельности. – М: Юрайт, 2017. – 272с.
- 22 Демісенов Т. Қаржылық талдау. – А: Дәуір, 2011. – 320б.
- 23 Бычкова С. Аудиторская деятельность. – М: Лань, 2016. – 320с.
- 24 АХС 230 «Аудиторлық құжаттар» [электрондық нұсқа] https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30208812#pos=3;-235
- 25 Габдуллин Т. Бухгалтерлік есептің салалық ерекшелігі. - А: Ғылым, 2011. – 214б.
- 26 Аудиторский отчет по консолидированной финансовой отчетности за 2017 год АО «К-Дорстрой»

ҚОСЫМША

Приложение 2
к приказу Министра финансов
Республики Казахстан
от 27 февраля 2015 года №143

Форма

Наименование организации	Акционерное общество "К-Дорстрой"	
Сведения о реорганизации		
Вид деятельности организации	дорожно-строительные	
Организационно-правовая форма		
Форма отчетности: консолидированная/неконсолидированная		(не нужное зачеркнуть)
Форма собственности		
Среднегодовая численность работников	130	чел.
Субъект предпринимательства		(малого, среднего, крупного)
Юридический адрес (организации)	г.Астана	

БУХГАЛТЕРСКИЙ БАЛАНС

по состоянию на 31 декабря 2017 года

		тенге	
АКТИВЫ	Код строки	На конец отчетного периода	На начало отчетного периода
1	2	3	4
I. Краткосрочные активы			
Денежные средства и их эквиваленты	010	2403991200	1297894540
Финансовые активы, имеющиеся в наличии для продажи	011	-	-
Производные финансовые инструменты	012	-	-
Финансовые активы, учитываемые по справедливой стоимости через прибыли и убытки	013	-	-
Финансовые активы, удерживаемые до погашения	014	-	-
Прочие краткосрочные финансовые активы	015		
Краткосрочная торговая и прочая дебиторская задолженность	016	205673010	262463430
Текущий подоходный налог	017	0	0
Запасы	018	1100943000	188162030
Прочие краткосрочные активы	019	0	0
Итого краткосрочных активов (сумма строк с 010 по 019)	100	3710607200	1748520000
Активы (или выбывающие группы), предназначенные для продажи	101	0	0
II. Долгосрочные активы			
Финансовые активы, имеющиеся в наличии для продажи	110	0	0
Производные финансовые инструменты	111	0	0
Финансовые активы, учитываемые по справедливой стоимости через прибыли и убытки	112	0	0
Финансовые активы, удерживаемые до погашения	113	0	0
Прочие долгосрочные финансовые активы	114	0	0

Долгосрочная торговая и прочая дебиторская задолженность	115	-	-
Инвестиции, учитываемые методом долевого участия	116	-	-
Инвестиционное имущество	117	-	-
Основные средства	118	658625700	640797800
Биологические активы	119	-	-
Разведочные и оценочные активы	120	-	-
Нематериальные активы	121	0	0
Отложенные налоговые активы	122	0	0
Прочие долгосрочные активы	123	55467920	441791600
Итого долгосрочных активов (сумма строк с 110 по 123)	200	714093620	1082589400
БАЛАНС (строка 100 + строка 101 + строка 200)		4424700820	2831109400

тенге			
ОБЯЗАТЕЛЬСТВО И КАПИТАЛ	Код строки	На конец отчетного периода	На начало отчетного периода
1	2	3	4
III. Краткосрочные обязательства			
Займы	210	0	0
Производные финансовые инструменты	211	0	0
Прочие краткосрочные финансовые обязательства	212	0	148350110
Краткосрочная торговая и прочая кредиторская задолженность	213	264283040	1004685230
Краткосрочные резервы	214	-	-
Текущие налоговые обязательства по подоходному налогу	215	2654820	0
Вознаграждения работникам	216	0	0
Прочие краткосрочные обязательства	217	0	0
Итого краткосрочных обязательств (сумма строк с 210 по 217)	300	266937860	1153035340
Обязательства выбывающих групп, предназначенных для продажи	301	-	-
IV. Долгосрочные обязательства			
Займы	310	3989557600	1189557600
Производные финансовые инструменты	311	-	-
Прочие долгосрочные финансовые обязательства	312	0	0
Долгосрочная торговая и прочая кредиторская задолженность	313	-	-
Долгосрочные резервы	314	-	-
Отложенные налоговые обязательства	315	0	0
Прочие долгосрочные обязательства	316	0	0
Итого долгосрочных обязательств (сумма строк с 310 по 316)	400	3989557600	1189557600
V. Капитал			
Уставный (акционерный) капитал	410	2400000	2400000
Эмиссионный доход	411	0	0
Выкупленные собственные долевые инструменты	412	0	0
Резервы	413	0	0
Нераспределенная прибыль (непокрытый убыток)	414	165805360	486116460
Итого капитал, относимый на собственников материнской организации (сумма строк с 410 по 414)	420	168205360	488516460
Доля неконтролирующих собственников	421	-	-
Всего капитал (строка 420 +/- строка 421)	500	168205360	488516460
БАЛАНС (строка 300 + строка 301 + строка 400 + строка 500)		4424700820	2831109400

Руководитель

(фамилия, имя, отчество)

(подпись)

Главный бухгалтер

(фамилия, имя, отчество)

(подпись)

Приложение 4
к Национальному
стандарту
финансовой отчетности

Наименование	Акционерное общество "К-Дорстрой"
Вид деятельности	дорожно-строительные
Среднегодовая численность работников	130
Юридический адрес, Бизнес идентификационный номер, Индивидуальный идентификационный номер	г.Астана

Отчет о прибылях и убытках по состоянию на 31 декабря 2017 года

тенге

Наименование показателей	Код строки	За отчетный период	За предыдущий период
Доход от реализации продукции и оказания услуг	01	1683509000	440018100
Доходы от финансирования	02		-
Прочие доходы	03		
Итого доходов (сумма строк с 01 по 03)	04	1683509000	440018100
Расходы по реализованным товарам, работам и услугам	05	1466673000	321609300
Расходы на оплату труда	06	179785000	94500000
Административные расходы	07	8580400	2082000
Расходы на финансирование	08	-	-
Прочие расходы	09	2545000	250000
Итого расходов (сумма строк с 05 по 09)	10	1657583400	418441300
Прибыль (убыток) до налогообложения (стр. 04 - стр. 10)	11	25925600	21576800
Расходы на налоги	12	5572000	2466800
Итого чистая прибыль (убыток) за период (стр.11 – стр.12)	13	20353600	19110000

Руководитель	<hr/> <i>(фамилия, имя, отчество)</i>	<hr/> <i>(подпись)</i>
Главный бухгалтер	<hr/> <i>(фамилия, имя, отчество)</i>	<hr/> <i>(подпись)</i>